

Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 18 қаңтарда № 31753 болып тіркелді.

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 9-бабының 15), 22) және 23) тармақшаларына, 17-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 153-бабының 1-2-тармағына және 276-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 8-бабының 7-бөлігіне, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 759-бабының 5-бөлігіне және 802-бабының 3-1-бөлігіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 18.03.2025 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуына тексеріс тағайындау және жүргізу, заңдылықтың жай-күйіне талдау жасау, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалау қағидалары, осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерінің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық , осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) Заңды күшіне енген сот актілерінің, азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер, атқарушылық іс жүргізу бойынша сотта мемлекет мүдделерін білдірудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық, осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес бекітілсін;

4) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес Прокурормен инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап қоюларды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуға шағым жасау қағидалары.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 18.03.2025 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір бұйрықтары осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Қоғамдық мүдделерді қорғау қызметі:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Бұйрық Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволарының, мекемелері мен прокуратураның білім беру ұйымының басшыларына, Бас әскери және көлік прокурорларына, облыстардың прокурорларына және оларға теңестірілген прокурорларға, өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорларына, аудандық көлік прокурорларына, аудандық және оларға теңестірілген прокурорларға жолдансын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры*

Б. Асыллов

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№ 32 бұйрыққа
1 қосымша

Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуына тексеріс тағайындау және жүргізу, заңдылықтың жай-күйіне талдау жасау, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуына тексеріс тағайындау және жүргізу, заңдылықтың жай-күйіне талдау жасау, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 17, 18, 19, 20, 21-баптарына сәйкес әзірленді және оларды өткізудің тәртібін айқындайды.

2. Заңдылықтың сақталуын тексеру (бұдан әрі – тексеріс), заңдылықтың жай-күйін талдау (бұдан әрі – талдау) және күшіне енген актілерді бағалау (бұдан әрі – актілерді бағалау) прокуратура органдарының жоғары қадағалау нысандары болып табылады және Конституциялық заңның 4-бабында көзделген міндеттерді іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

2-тарау. Тексеріс тағайындау және жүргізу

3. Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, мемлекеттің қорғаныс және әскери қауіпсіздігі саласындағы, көлік және көлік инфрақұрылымы саласындағы ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың қызметінде заңдылықтың сақталуына тексерісті прокурор Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, заңдарында және осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен тағайындайды және жүргізеді.

4. Тексерісті тағайындау үшін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының (бұдан әрі – Бас Прокурор) тапсырмалары;

3) Бас Прокурор орынбасарларының, Бас әскери және көлік прокурорларының, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар мен астана прокурорларының (бұдан әрі – облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар), аудандық, қалалық, ауданаралық, мамандандырылған прокурорлардың (бұдан әрі – аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар), сондай-ақ өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорларының, өңірдің көлік прокурорларының шешімдері, Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген;

4) Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының, Комитеттің аумақтық органдары бастықтарының шешімдері негіз болады.

5. Осы Қағидаларда әскери және көлік прокуратурасы органдарының, прокуратура органдары ведомствосының және оның аумақтық органдарының басшылары деп тиісінше:

1) Бас әскери прокурор, Бас әскери прокурордың орынбасарлары, өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары не олардың міндеттерін атқаратын адамдар;

2) Бас көлік прокуроры, Бас көлік прокурорының орынбасарлары, өңірлік көлік прокурорлары не олардың міндеттерін атқаратын адамдар;

3) Комитет төрағасы, Комитет төрағасының орынбасарлары, Комитеттің аумақтық органдарының бастықтары не олардың міндеттерін атқаратын адамдар түсініледі.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің және Бас Прокурордың тапсырмалары бойынша тексерістерді прокурор меншік нысанына қарамастан кез келген ұйымдарда тағайындайды және жүргізеді.

7. Бас Прокурор орынбасарларының, Бас әскери және көлік прокурорларының, облыстар прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың, өңірлер мен

гарнизондардың әскери прокурорларының, аудандық көлік прокурорларының, өңірлік және оларға теңестірілген прокурорлардың шешімдері бойынша тексерістер:

1) физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өздерін қорғауды дербес жүзеге асыра алмайтын адамдардың;

2) кәмелетке толмаған адамдардың;

3) шектелмеген адамдар қатарының;

4) егер бұл адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардаптың алдын алу үшін қажет болса, адамдардың, қоғам мен мемлекеттің;

5) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүддесі үшін мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың лауазымды адамдары тарапынан олардың қызметіне араласу фактілері бойынша құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін тағайындалады және жүргізіледі.

Физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де жағдайларға байланысты құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды дербес жүзеге асыра алмайтын адамдарға:

ағзаның қалыпты жұмыс істеуден ауытқуына байланысты мүмкіндігі шектеулі адамдар;

өмірлік қиын жағдайдағы, сондай-ақ арнаулы ұйымдарда, мекемелерде, оның ішінде ерекше ұстау режимі бар, арнаулы бейімдеу, оналту, оқыту және әлеуметтік оналту орталықтарындағы адамдар;

психикалық қызметінің бұзылуымен сипатталатын аурулардың халықаралық жіктемесіне сәйкес аурулар тобына жатқызылған психикалық, мінез-құлық бұзылыстары (аурулары) бар адамдар;

заңды күшіне енген сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдар;

өз құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды дербес жүзеге асыра алмайтын өзге де адамдар жатады.

Кәмелетке толмағандар деп он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адамдар, оның ішінде жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар, өмірлік қиын жағдайдағы балалар, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимдегі білім беру ұйымдарында, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында, білім берудің, оқытудың және әлеуметтік оналтудың ерекше жағдайлары қамтамасыз етілген оқу-тәрбие мекемелерінде жүрген балалар түсініледі.

Шектелмеген адамдар қатары деп жеке белгісіз адамдар тобы немесе олардың сандық құрамын алдын ала анықтау мүмкін емес немесе қиындық тудыратын құқықтық қатынастарға қатысушылардың көптігі түсініледі.

Адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардаптар деп, егер олар адам мен азаматтың денсаулығына, өміріне зиян келтірсе не зиян келтіруі мүмкін болса, ұлттық қауіпсіздікке (қоғамдық, әскери, саяси, экономикалық, ақпараттық, экологиялық) қатер төндірсе немесе төндіруі мүмкін болса, құқықтық актіні қабылдау не әрекет (әрекетсіздік) жасау түсініледі.

8. Прокуратура органдарының ведомствосы және оның аумақтық органдары тексерістерді Конституциялық заңда, "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – "Мемлекеттік құқықтық статистика" Заңы) және басқа да заңнамалық актілерде белгіленген өз құзыретінің шегінде жүргізеді.

9. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіндегі тексерістер Қазақстан Республикасы Президентінің, Бас Прокурордың тапсырмалары болған кезде не олармен келісім бойынша ғана тағайындалады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне Бас Прокурордың келісімі бойынша тексеріс жүргізу үшін Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар не олардың міндеттерін атқаратын адамдар Бас прокуратураның атына тиісті өтінішхат (қызметтік жазба) жолдайды.

Жеке кәсіпкерлік субъектісін тексеруді келісу туралы өтінішхатқа (қызметтік жазбаға):

Бас Прокурордың орынбасары, Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар не олардың міндеттерін атқаратын адамдар қол қояды.

Жеке кәсіпкерлік субъектісін тексеруді келісу туралы өтінішхатты (қызметтік жазбаны) жіберу үшін:

егер бұл орны толмас зардаптардың не адамдардың өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне төнетін қатердің алдын алу үшін қажет болса, адамдардың, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

шектелмеген адамдар қатарының, кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өздерін қорғауды дербес жүзеге асыра алмайтын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу фактілері;

прокуратура органының негізгі тексерісі шеңберінде қарсы тексеріс жүргізу не Бас прокуратураның тапсырмасын (тапсырылатын істі) орындау қажеттілігі негіз болып табылады.

Өтінішхат келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, ал қосымша ақпарат талап етілген кезде – он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

10. Тексеріс жүргізу туралы қаулыны Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасары, Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшесінің, прокуратура органдары ведомствосының және оның аумақтық органдарының, әскери және көлік прокуратурасы органдарының басшысы, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор, облыс прокурорының және оларға теңестірілген прокурордың орынбасары, аудан прокуроры және оған теңестірілген прокурор не олардың міндеттерін атқаратын адамдар шығарады.

Тексеріс жүргізу туралы қаулыда:

1) прокуратура органының нөмірі, күні, атауы, прокурордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы, тексерістің негіздері;

2) тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы немесе оған қатысты тексеріс тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);

3) тексерілетін кезеңі көрсетілген тексерістің нысанасы (тақырыбы);

4) тексеріс кімге тапсырылғаны және оған тартылатын мамандар туралы мәліметтер ;

5) тексеріс жүргізу мерзімі (заңда көзделген күндер саны);

6) тексерілетін кезең;

7) тексерілетін субъектінің құқықтары мен міндеттері;

8) қаулыға қол қоюға уәкілетті адамның қойылан қолы көрсетіледі.

11. Қылмыстық-процестік және қылмыстық атқару заңнамасы, атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнама, әкімшілік құқық бұзушылық туралы, жедел-іздістіру және қарсы барлау қызметі саласындағы заңнамаларды қоспағанда, тексеріс жүргізу туралы қаулы тексеріс басталғанға дейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органда тіркеледі.

Тексеріс қажеттілігі Қазақстан Республикасы Президентінің, Бас Прокурордың тапсырмаларынан туындаған жағдайда, адамның өмірі, денсаулығы, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің заңды мүдделері үшін орны толмас салдардың, заңдылық пен құқықтық тәртіпті жаппай бұзуды, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатерді болғызбау мақсатында тексеріс жүргізу туралы қаулыны тіркеу тексеріс басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органда жүргізіледі.

Тексеріс жүргізу туралы қаулы тексеріс объектісіне келген сәтте танысу үшін тексерілетін субъектіге тапсырылады не іс жүргізу жөніндегі Бас прокуратураның ақпараттық жүйесі арқылы жіберіледі.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органда тексеріс жүргізу туралы қаулыны тіркеу туралы мәліметтер объектіге келген сәтте не ол тіркелгеннен кейін келесі жұмыс күні ішінде беріледі.

12. Тексерісті тексеріс жүргізу туралы қаулыда көрсетілген адамдар ғана жүргізеді.

Тексерісті жүргізетін адамдардың құрамы, тексерістің нысанасы мен кезеңі тексерісті тағайындаған прокурордың не оның міндетін атқарушы адамның шешімі бойынша өзгертіледі (толықтырылады).

Тексеріс нысанасын не кезеңін өзгерту (толықтыру) туралы шешім мынадай:

тексерілетін мәселелердің, заңнама салаларының не тексерілетін кезеңнің тізбесін өзгертпей (толықтырусыз) тексерілетін субъект қызметіндегі заңдылықтың жай-күйін бағалау мүмкін болмаған;

жоғары тұрған прокуратураның тапсырмасы бойынша;

тексеріс нысанасына не кезеңіне жатқызылмаған заңдылықты бұзушылықтың айқын фактілерін анықтау;

кінәлі лауазымды адамдардың жауапкершілігі туралы мәселе қойыла отырып, тексеріс жүргізу туралы қаулыны қалыптастыру немесе тіркеу кезіндегі қателіктерге байланысты жағдайларда шығарылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты тексеріс нысанасын не кезеңін өзгерту (толықтыру) туралы шешім осы Қағидалардың 9-тармағында айқындалған тәртіпте Бас Прокурормен келісіледі.

13. Тексеріс жүргізу мерзімі оны жүргізу туралы қаулы тапсырылған күннен бастап отыз жұмыс күннен кем емес мерзімді құрайды.

Қосымша материалдарды талап ету қажет болған кезде, сондай-ақ тексерістің едәуір көлеміне байланысты оны жүргізу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Тексеріс жүргізу мерзімін тексеріс тағайындау туралы қаулы шығарған адам не оны алмастыратын адам ұзартады.

14. Тексеріс мынадай жағдайларда:

сараптама тағайындалған жағдайда - сарапшының қорытындысын алғанға дейін;

шет мемлекеттерден, мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден және өзге де ұйымдардан мәліметтер мен құжаттарды алу қажеттілігі жағдайында – оларды алғанға дейін;

тексерісті жүргізуге кедергі келтіретін (тексеріске қатысатын адамның науқастануы, форс-мажорлық мән-жайлар, жүргізілетін тексеріс нысанасына қатысы бар адамдарды іздестіру, тексеріс субъектісі қаулыны тапсырудан жалтару не тексерілетін объектіге кіруге рұқсат бермеуі, процестік әрекеттер жасау, тексеріс жүргізу немесе қорытынды беру туралы талаптар жіберу) – жағдайларды жойғанға дейін тоқтатылуы мүмкін.

Тоқтатыла тұрған тексерісті жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғасады.

15. Тексеріс жүргізуді ұзартқан, тоқтата тұрған және қайта бастаған, тексерушілердің құрамы, тексеріс нысанасы не кезеңі өзгерген жағдайларда, дәлелді қаулы шығарылып, ол шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құқықтық

статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік орган және тексерілетін субъект хабардар етіледі.

Тексеріс мерзімі ол аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ұзартылады

16. Қажет болған жағдайда, қорытынды беру үшін тексеріске қатысуға:

мемлекеттік және құқық қорғау органдарының;

меншік нысанына қарамастан ұйымдардың мамандары тартылады.

Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының мамандары прокурордың тиісті органдарға, мекемелерге не ұйымдарға жолдаған талатары бойынша тартылады.

Жеке меншік ұйымдардың мамандарын тарту тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне не өзге де заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Прокурордың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген кезде, сондай-ақ прокурордың заңды қызметіне кедергі келтіру қаупі болған кезде құқық қорғау органдарының қызметкерлері тексерісті жүзеге асыратын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тексеріске тартылуы мүмкін.

17. Тексеріс барысында тексерісті іске асыру үшін маңызы бар Қазақстан Республикасы заңнамасының жасырын бұзушылықтарын анықтау үшін өзге мүмкіндіктер болмаған кезде, жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асыру қажеттілігі туралы мәселе шешіледі.

Қаулыда жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу негіздері, алынған нәтижелерді ұсыну нысаны мен мерзімдері көрсетіледі.

Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы қаулының жобасы осы прокуратураның жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын қадағалау бөлімшесінің басшысымен келісіледі.

Аталған қаулыларды есепке алуды жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметінің және жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қадағалау жөніндегі бөлімше жүргізеді.

18. Жүргізілетін тексеріс шеңберінде сараптаманы арнайы ғылыми білімді талап ететін және оны тағайындамай тексерісті іске асыру мүмкін болмаған жағдайларда прокурор тағайындайды.

Сараптама тағайындау туралы қаулыны Бас Прокурор, оның орынбасарлары, Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің, әскери және көлік прокуратурасы органдарының басшылары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралардың құрылымдық бөлімшелерінің бастықтары, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар не олардың міндеттерін атқаратын адамдар шығарады.

Сараптама тағайындау туралы қаулыда:

- 1) сараптама тағайындаған органның атауы;
- 2) сараптама тағайындалған уақыты, орны;
- 3) сараптама түрі;

4) сараптама тағайындау негіздемелері;

5) сараптамаға жіберілетін объектілер және олардың шығу тегі туралы ақпараттар, сондай-ақ зерттеу барысында көрсетілген объектілерді болуы мүмкін толық немесе ішінара жоюға, олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге рұқсат беру;

б) сот сараптама органының атауы және (немесе) сот сараптамасын жүргізу тапсырылған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі.

Маманның қорытындысында қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы не сотқа арыз беруге негіз болып табылатын мән-жайлар туралы тұжырымдар болған кезде, прокурорлық тексеріс материалдары бойынша сараптама Қылмыстық-процестік кодекс (бұдан әрі – ҚПК), Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (бұдан әрі – ӘҚБтК), Азаматтық процестік кодекс (бұдан әрі – АПК), Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (бұдан әрі – ӘРПК) шеңберінде жүргізіледі.

19. Тексеріс барысында прокурор:

1) мыналарды:

тексеріс жүргізу үшін қажетті ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер, атқарушылық іс жүргізулерді;

қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істердің, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің, атқарушылық іс жүргізулердің ақпараттарына, мәліметтеріне және құжаттарына, қадағалау іс жүргізулеріне және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына қолжетімділікті талап етуге және алуға құқылы.

Талап етілетін материалдарды, істерді алған кезде және ақпараттық жүйелер мен ресурстарға қол жеткізгенде, прокурор дербес деректердің және заңмен қорғалатын өзге де құпияның қорғалуын, оның ішінде заңсыз таратудан сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етеді;

2) мыналарды:

тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, негіздемелер болған кезде және Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен заңсыз актінің толық немесе ішінара қолданылуын тоқтата тұруды;

уәкілетті органдардан тексеріс жүргізуді және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттеуді;

тексеріс объектісіне, тексерілетін аумаққа, тексеріс нысанасына байланысты мүлікке, ақпараттық жүйелер мен ресурстарға, ақпаратқа, материалдар мен құжаттарға қолжетімділікті;

3) лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақыруды және жүргізілетін тексеріс мәселелері бойынша түсініктемелер алууды;

4) қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында тіркеудің, өлшеудің, сынамаларды іріктеудің техникалық құралдарын қолдануды;

5) прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында және өзге де заңдарында белгіленген өзге де өкілеттіктерді іске асыруды талап етуге құқылы.

20. Мамандарды бөлу, мәліметтер мен істерді талап ету туралы прокурордың талаптарына Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасары, Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің, прокуратура органдары ведомствосының және оның аумақтық органдарының, әскери және көлік прокуратурасы органдарының басшысы, олардың орынбасарлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, аудандық прокурор және оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары не олардың міндеттерін атқаратын адамдар, тексерісті тағайындау туралы қаулыда көрсетілген адамдар не олардың тікелей басшылары қол қояды.

Тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жою, заңсыз актінің толық немесе ішінара қолданылуын тоқтата тұру қажет болған жағдайда прокурордың талаптарына Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасары, Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің, прокуратура органдары ведомствосының және оның аумақтық органдарының, әскери және көлік прокуратурасы органдарының басшысы, олардың орынбасарлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, аудандық прокурор және оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары не олардың міндеттерін атқаратын адамдар қол қояды.

Соттардың қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерді және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді беруі туралы прокурордың талаптары ҚПК-ге, АПК-ге, ӘРПК-ге, ӘҚБтК-ге сәйкес жіберіледі.

Уәкілетті органдарға жіберілетін тексеріс жүргізу туралы талаптарға Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасары, Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің басшысы, олардың орынбасарлары, әскери және көлік прокуратурасы органдарының басшысы, облыс прокуроры және оларға теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, аудандық прокурор және оған теңестірілген прокурор не олардың міндеттерін атқаратын адамдар қол қояды.

Өңірдің және гарнизонның әскери прокуроры, өңірлік көлік прокуроры, аудандық прокурор және оларға теңестірілген прокурор жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексеріс жүргізу туралы, оның ішінде қадағалау және ден қою актілерінде көрсетілген талаптарды облыс прокурорымен, бас әскери және көлік прокурорларымен талап қоюды жіберудің орындылығы негіздемесін келтіре отырып келісілгеннен кейін жібереді.

21. Адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне, ұлттық қауіпсіздікке нақты не әлеуетті қатер төну фактілерінің алдын алу мақсатында тексеріс жүргізу шеңберінде қадағалаудағы аумақтағы әлеуметтік-экономикалық,

қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыру, әлеуметтік шиеленіс ошақтарының шиеленісуінің алдын алу не болдырмау үшін прокурор лауазымды адамның актісін немесе әрекетін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Актіні немесе лауазымды адамның әрекетін тоқтата тұру туралы қаулы дереу орындалуға тиіс.

22. Тексеріс жүргізу кезінде прокурор тексерілетін субъект/объект, құжаттар, материалдар, үй-жайлар, тексерілетін субъект/объект қызметінің процесі туралы нақты ақпарат жинау, сондай-ақ заңдылықты бұзу фактілерін растау үшін қолда бар техникалық құралдарды қолданады.

Нақты ақпаратты жинау тексерілетін субъектіні міндетті түрде хабардар ете отырып, тексеріс барысында заңдылықтың жай-күйін объективті бағалау үшін маңызы бар фото-бейнетүсірілім, өлшемдерді, көшірмелерді, сынамаларды алу, бақылау сатып алу және өзге де тіркеу жолымен жүзеге асырылады.

"Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолдану үшін арнайы рұқсат талап етілетін арнайы техникалық құралдарды пайдалануға жол берілмейді.

Прокурордың заңды қызметіне кедергі келтірген, бұзушылық жасаған не заңдылықтың бұзылғанын растайтын фактілерді тіркеу қажет болған жағдайларда адамның келісімінсіз оның дербес фото-бейнетүсірілімін жүргізуге жол беріледі.

23. Жүргізілетін тексеріс мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақыруды және олардан түсініктемелер алуды тексеріс тағайындау туралы қаулыда көрсетілген прокурор не оның басшысы жүзеге асырады.

Прокурордың жүргізілетін тексеріс шеңберіндегі талаптарын жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар, меншік нысанына қарамастан мекемелер, ұйымдар, олардың лауазымды адамдары орындауға міндетті.

24. Тексеріс жүргізу кезінде:

жол берілген заңдылықты бұзушылықтардың себептері мен шарттары айқындалады ;

заңдылықты сақтау проблемалары (құқықтық және ұйымдастырушылық) және олардың жеке және заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауға әсері анықталады;

мемлекеттік және уәкілетті органдардың, меншік нысанына қарамастан, мекемелер мен ұйымдардың, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарының және бұзушылықтардың алдын алуға немесе болдырмауға жауапты өзге де адамдардың қызметі бағаланады.

Тексерістің тақырыбына қарамастан, оны жүргізу туралы қаулыда нысанасы ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату, құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы және әкімшілік құқық

бұзушылықтар туралы заңнаманың қолданылуы (егер тексерілетін орган немесе ұйым құқық бұзушылықтардың профилактикасы субъектісі болып табылса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөніндегі өкілеттіктерге ие болса), мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының, сондай-ақ өзге де ұйымдардың (тексеріс нысанасы бойынша) құқықтық актілерінің заңдылығы көрсетіледі.

25. Тексеріс аяқталғаннан кейін тексеріс нәтижелері туралы анықтама (бұдан әрі – анықтама) жасалады, онда:

- 1) анықтаманы жасау күні мен орны, тексерістің негіздері;
- 2) тексерілетін субъектінің атауы, тексеріс нысанасы (тақырыбы) ;
- 3) тексеріс тақырыбы бойынша жалпы мәліметтерді (статистика, тексерілетін субъектінің іске асырған іс-шаралары, игерілген бюджет қаражаты туралы мәліметтер, сот актілерін орындау практикасы немесе тексеріс мәні бойынша басқа да мәліметтер);
- 4) тексеріс мәні (тақырыбы) бойынша заңдылықтың сақталуын бағалауды (анықталған бұзушылықтардың мәні, уәкілетті органдардың әрекетсіздігінің себептері, мемлекеттік органдардың құқықтық актілерінің заңдылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, құқық бұзушылық профилактикасы және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың сақталуы және басқа да мәліметтер);
- 5) заңдылықты бұзушылық жасауға ықпал еткен себептерді талдауды;
- 6) анықталған заңдылықты бұзуды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюдың тетіктерін;
- 7) тексеріс нәтижелері бойынша тұжырымдар мен ұсыныстарды (қадағалау және ден қою актілері, сотқа дейінгі тергеп-тексеруге бастамашылық ету, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар, басқа да шаралар);
- 8) тексеріс жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қойылған қолын қамтиды.

Анықтама тексерілетін субъектіге тексеріс аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде табыс етіледі. Тексеріліп жатқан субъектінің басшысы (өкілі) анықтаманы алғаны не алудан бас тартқаны туралы мәліметтер оны тапсыру сәтінде көрсетіледі.

Анықтамаға қарсылықтар болған кезде тексерілетін субъект оларды анықтама тапсырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша ұсынуға құқылы.

26. Тексеріс нәтижелері бойынша мынадай:

- 1) Конституциялық заңның 5-тарауында көзделген прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізу туралы;
- 2) тексеріс нәтижелерін талқылай отырып, кеңестер өткізу туралы;
- 3) ақпараттық хаттаржіберу туралы;
- 4) осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген тәртіппен тексеріс жүргізу туралы талаптар;
- 5) материалдарды қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеге, оның ішінде фактілерді сотқа дейінгі

тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде (бұдан әрі – СДТБТ) тіркеу туралы шешім қабылдау үшін беру туралы;

6) материалдарды Ақпаратты есепке алу кітабына (бұдан әрі – АЕК) тіркеу және Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген өзге де шаралар туралы;

7) Бас Прокурордың алдында Қазақстан Республикасының Конституциялық және (немесе) Жоғарғы Сотына жүгіну туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімдер қабылданады.

Кейінге қалдыруды талап етпейтін жағдайларда осы тармақтың 2), 3), 4), 5), 6) және 7) көзделген шешімдерді прокурор тексеріс аяқталғанға және оның қорытындылары шығарылғанға дейін қабылдауы мүмкін.

27. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі тексерістер Конституциялық заңда, ӘҚБтК-де және "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өкілеттіктерді іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

28. Прокурорлар жеке тұлғалардың бостандығын шектеуге байланысты конституциялық құқықтарының сақталуының, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп күдікті адамдарды жеткізудің, ұстаудың, сондай-ақ оларға қатысты қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазаны орындау кезінде, оның ішінде мамандандырылған мекемелерде қамаққа алуды өтеу кезінде жеке тұлғалардың құқықтарының сақталуының заңдылығына тексерістер жүргізеді.

Бұл тексерістер осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес бейнежазба құрылғыларын қолдана отырып, жүргізілуі мүмкін.

Тексеріс барысында құқық қорғау органдарында келушілерді электрондық есепке алу туралы ақпараттық жүйеге (1-Д) жеткізудің негізділігі, адамның сонда болу мерзімдерін сақтау мәселесі бойынша мониторинг жүргізіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жеткізілген және ұсталған адамдарды ұстауға арналған арнайы қабылдағыштар мен өзге де үй-жайларға, сондай-ақ гауптвахталарға бару кезеңділігі соттардың келіп түскен қаулыларын, жолданымдарды және басқа да материалдарды талдау негізге алына отырып айқындалады.

Заңсыз жеткізу, ұстау немесе қамаққа алу фактісі бойынша жолданым келіп түскен кезде және ұсталған адамдар мен қамаққа алынған адамдардың құқықтарының бұзылуы туралы жеткілікті деректер болған жағдайда тексеріс дереу жүргізіледі.

Тексерістерді прокурорлар орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.

29. Тексеріс барысында ӘҚБтК-нің 50, 58, 60, 786-789-баптарында көзделген іс жүргізу мерзімдері мен жеткізуге, ұстауға және қамаққа алуға қолданылатын талаптар ескерілуге тиіс.

ӘҚБтК-нің 14-бабының 4-бөлігіне сәйкес мемлекеттік орган (лауазымды адам) судьяның қаулысында көзделген мерзімнен артық заңсыз ұсталған, әкелінген, жеткізілген немесе әкімшілік қамаққа алынған адамды дереу босатады.

30. Негізсіз жеткізу, ұстау немесе қамаққа алу фактісі анықталған жағдайда прокуратура қызметкері өз қаулысымен заңсыз ұсталған адамды босатады, сондай-ақ бұзушылықтарды жою және кінәлі лауазымды адамдарды жауапқа тарту үшін өзге де шаралар қолданады.

3-тарау. Талдау

31. Талдау прокурорлардың субъектілерге (объектілерге) бармастан, статистикалық деректерді, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің материалдарын, сондай-ақ өзге де ақпарат көздерін зерделеуі арқылы жүргізеді.

Талдау жүргізу Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің, әскери және көлік прокуратурасы органдары басшысының, облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың, аудандық және оған теңестірілген прокурордың, сондай-ақ олардың орынбасарларының не олардың міндеттерін атқаратын адамдардың басшылығымен тақырыптық-толассыз топқа тапсырылуы мүмкін.

Прокуратура органдарының ведомствосы Конституциялық заңда, "Мемлекеттік құқықтық статистика" Заңында және басқа да заңнамалық актілерде белгіленген өз құзыреті шегінде заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізеді.

32. Талдау заңдылықтың жай-күйін бағалау мақсатында нақты мәселе немесе құқықтық қатынастар және (немесе) заңнама саласы бойынша жүргізіледі.

33. Прокурорлар тоқсан сайын кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселесі бойынша талдау жүргізеді.

Нәтижелер мен қабылданған шаралар туралы, сондай-ақ кәсіпкерлер құқықтарының бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайлар туралы ақпарат бизнеске әкімшілік қысымды төмендету жөніндегі нақты ұсыныстармен бірге Бас прокуратураға тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

34. Прокурорлар жарты жылда бір рет мынадай:

- 1) бюджет қаражатын жұмсаудың заңдылығы мен тиімділігі;
- 2) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (оның ішінде мемлекеттік) сатып алуды жүзеге асыру;
- 3) салық заңнамасын қолдану;
- 4) экологиялық заңнаманы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы, ерекше қорғалатын табиғи

аумақтар туралы, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы қолдану;

5) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды адамдары тарапынан олардың қызметіне араласу фактілері бойынша ауызша (оның ішінде прокуратура органдарының жанындағы бизнесті қорғау жөніндегі мобильді топтар шеңберінде келіп түскен) және жазбаша жолданымдарын қарау мәселелері бойынша талдау жүргізеді.

Нәтижелер мен қабылданған шаралар туралы ақпарат Бас прокуратураға жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

35. Прокурорлар жылына кемінде бір рет:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе өмірлік қиын жағдайдағы, оның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе басқа да осыған ұқсас мекемедегі балаларды асырап алу кезінде заңдылықтың сақталуына;

2) мінез-құлық ерекшеліктері бар балалармен жұмыс істеу тиімділігіне бағытталған заңнаманың қолданылуына;

3) мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қолдауға бағытталған заңнаманың (оның ішінде инклюзивті білім беру) қолданылуына;

4) мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманың қолданылуына, оның ішінде:

әлеуметтік қорғалу, оның ішінде оңалту, қоғаммен араласу;

әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қолжетімділіктің қамтамасыз етілуі;

ақпаратқа қолжетімділіктің қамтамасыз етілуі;

білім, қызмет түрін, оның ішінде еңбек қызметін еркін таңдау;

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек;

кәсіптік даярлауға және қайта даярлауға, жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруге және жұмысқа орналасу;

Қазақстан Республикасының Тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге ие болу құқықтарының қолданылуына талдау жүргізеді.

Талдау нәтижелері туралы ақпарат олардың жүргізілуіне қарай Бас прокуратураға тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

36. Әскери прокуратура органдары әскери қауіпсіздік саласындағы құқықтық қатынастардың ерекшелігін ескере отырып, жылына кемінде бір рет:

1) әскери мүлікті, оның ішінде қару мен оқ-дәрілерді қамтамасыз ету және олардың айналымы;

2) жауынгерлік әзірлікті қамтамасыз ету;

3) диверсияға қарсы және терроризмге қарсы қорғалудың жай-күйі;

4) Мемлекеттік шекараны күзету;

5) әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізуді жүзеге асырады.

Бас әскери прокурор нәтижелер мен қабылданған шаралар туралы ақпаратты Бас прокуратураға тиісінше 25 маусым мен 25 желтоқсанға дейін ұсынады.

37. Көлік прокуратурасының органдары ерекшелікті ескере отырып жылына кемінде бір рет:

1) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

2) жолаушылардың, кәсіпкерлік субъектілерінің және көлік қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

3) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (оның ішінде мемлекеттік) сатып алуды жүзеге асыру;

4) кеден заңнамасының;

5) теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық рельсті және магистральдық құбыр көлігі, ғарыш қызметі саласындағы меншік нысанына қарамастан квазимемлекеттік сектор субъектілері мен өзге де ұйымдар қызметінің заңдылығы мәселелері бойынша талдау жүргізуді жүзеге асырады.

Бас көлік прокуроры нәтижелер мен қабылданған шаралар туралы ақпаратты Бас прокуратураға тиісінше 25 маусым мен 25 желтоқсанға дейін ұсынады.

38. Талдау қадағалау аумағындағы тұрақты негізде жүзеге асырылатын жағдайды мониторингілеу (бақылау) не прокуратура органдары әртүрлі ақпарат көздерінен алған заңдылықтың бұзылуы туралы мәліметтер мен деректер, оның ішінде жолданымдар, мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, меншік нысанына қарамастан, өзге де ұйымдар мен мекемелерден талап етілген ақпараттар, құжаттар мен өзге де материалдар негізінде, сондай-ақ сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Бас Прокурордың, жоғары тұрған прокуратураның тапсырмалары бойынша жүргізіледі.

Сондай-ақ талдау мәселелердің өзектілігіне, бағыттардың басымдығына не өңірдің ерекшеліктеріне қарай Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасары, прокуратура органдары ведомствосының және оның аумақтық органдарының басшылары, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыс прокуроры және оларға теңестірілген прокурорлар, облыс прокурорының орынбасары және оған теңестірілген прокурор не олардың міндеттерін атқаратын адамдар бекіткен жылдық немесе тоқсандық жоспар негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы талдау Бас Прокурордың бұйрықтарында көзделген мониторинг пен салыстырып тексеру нәтижелері бойынша жүргізіледі.

39. Талдау жүргізуге Бас Прокурормен, Бас Прокурордың орынбасарымен, Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшелерінің, прокуратура органдары және оның аумақтық органдары ведомствосының, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдарының басшысымен, облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурормен, олардың орынбасарларымен, аудандық және оларға теңестірілген прокурормен не олардың міндеттерін атқаратын адамдармен келісілген баянат бойынша бастамашылық жасалады.

Баянатта:

1) баянат берілген күні, берген адамның, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және лауазымы;

2) талдау мәні (тақырыбы);

3) дәлелді негіздер;

4) талдау кезеңі;

5) талдау жүргізу мерзімі;

6) талдау жүргізуге тартылатын прокуратура органдарының органдары, ведомстволары мен мекемелері (талдау тақырыптық-толассыз топқа тапсырылған жағдайда) көрсетіледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын өңірдің және гарнизонның әскери прокуроры, өңірлік көлік прокуроры, аудандық және оларға теңестірілген прокурор бастамашылық еткен талдау бір мезгілде Бас әскери және көлік прокурорларын, облыс прокурорын және оған теңестірілген прокурорды хабардар ете отырып жүргізіледі.

Жоғары тұрған прокурор төмен тұрған прокурорлардың заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізуін тоқтатуға құқылы.

40. Талдау барысында мынадай мәліметтер:

1) статистикалық деректер;

2) мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражат туралы ақпарат;

3) халықпен кездесулердің қорытындылары;

4) мемлекеттік органдардың тиімсіз жұмыс істеу фактілері, оның ішінде экстремизм мен терроризмнің профилактикасы, этносаралық және/немесе конфессияаралық негіздегі жанжалдарды, азаматтардың әлеуметтік наразылығын, наразылық акцияларын тудыруы мүмкін қоғамдық тәртіпті бұзуды анықтау, оның алдын алу және оқшаулау мәселелері бойынша;

5) уәкілетті мемлекеттік органдардың жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау нәтижелері;

6) бұқаралық ақпарат құралдарындағы (оның ішінде интернет-ресурстардағы) жарияланымдар;

7) мемлекеттік органдардың, олардың деректер базасының ақпараты;

8) ақпараттық жүйелер мен ресурстар, оның ішінде құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ресурстар;

9) қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істердің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің материалдары;

10) прокуратура мен мемлекеттік органдардың алдыңғы тексерістерінің нәтижелері;

11) басқа да ақпарат көздері пайдаланылады.

41. Прокурор заңнамада белгіленген тәртіппен талдау жүргізуге байланысты ақпараттар мен материалдарға қол жеткізуге, жүргізілетін талдау мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақырып, олардан түсініктеме алуға құқылы.

Сұратылған ақпарат прокурор белгілеген мерзімде прокуратура органдарына беріледі.

Бұл мерзім үш жұмыс күнінен кем болмауы тиіс.

Қажет болған жағдайларда, адамның өмірі, денсаулығы, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің заңды мүдделері, қоғамның және мемлекеттің мүддесі, заңдылық пен құқықтық тәртіпті жаппай бұзуды, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардаптардың алдын алу мақсатында сұратылған ақпарат, құжаттар және өзге де материалдар дереу ұсынылады.

Талдау шеңберінде прокурордың талаптарын жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар, меншік нысанына қарамастан мекемелер мен ұйымдар, олардың лауазымды адамдары орындауға міндетті.

Жүргізілген талдау шеңберіндегі сараптаманы прокурор арнайы ғылыми білімді талап ететін және оны тағайындамай талдауды іске асыру мүмкін болмаған жағдайларда тағайындайды.

Талдау жүргізу мерзімі:

мәліметтерді, құжаттарды және өзге де материалдарды, оның ішінде қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерді және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді алу қажет болған кезде - олар түскенге дейін;

сараптама тағайындалған жағдайда - нәтиже алынғанға дейін;

талдау жүргізуге объективті кедергі келтіретін басқа факторларға байланысты - олар жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Талдау мерзімі оны жүргізуге келіскен тұлғаның атына берілген уәжді баянат бойынша мерзімі өткенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей тоқтатыла тұрады.

Талдау оның тоқтатыла тұруына себеп болған мән-жайлар жойылғаннан кейін қайта басталады.

42. Қажет болған жағдайда, талдау жүргізу кезінде бару үшін ашық жерлерде (қоғамдық пайдалану орындарында не ашық жерде) орналасқан объектіні (субъектіні),

оның ішінде көлік объектілерін (поездар, әуе және теңіз кемелері) және олардың жабдықтарын осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес талаптарды сақтай отырып, фото және бейнетіркеуді қолдану жолымен шолу арқылы қарап тексеру жүргізіледі.

Кеден саласында талдау жүргізу кезінде көлік прокурорларының мемлекеттік органға тауарларды кедендік қарап тексеру жүргізуге талаптар жіберуге құқығы бар.

43. Талдау отыз жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Қосымша материалдарды талап ету қажет болған кезде, сондай-ақ талдаудың едәуір көлеміне байланысты оны жүргізу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

44. Талдау жүргізу кезінде:

1) заңдылықтың жай-күйінің проблемалары және олардың жеке және заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауға әсері анықталады;

2) уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі бағаланады;

3) анықталған заңдылықты бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою тетіктері ұсынылады;

4) жұмыста жүйелі проблемаларды шешу бойынша кешенді іс-шараларды қабылдауды қажет ететін (оның ішінде заңнамалық және ұйымдастырушылық) басым бағыттар ұсынылады.

45. Талдау жүргізу барысында адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне, ұлттық қауіпсіздікке нақты не ықтимал қатер фактілерін болғызбау мақсатында қадағалаудағы аумақтағы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыру, әлеуметтік шиеленіс ошақтарының шиеленісуінің алдын алу не болғызбау үшін прокурор лауазымды адамның актісін немесе әрекетін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Актіні тоқтата тұру туралы қаулы немесе лауазымды адамның әрекеті дереу орындалуға тиіс.

46. Талдау нәтижелері:

1) талдау күнін, мәнін, сондай-ақ талдау қамтыған уақыт кезеңін;

2) статистиканы келтіре отырып, талдау барысында анықталған мәліметтер және талдау үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды;

3) талдау нәтижесінде алынған заңдылықтың жай-күйі туралы тұжырымдарды, оның ішінде құқық бұзушылықтар жасаудың себептері мен жағдайларын;

4) құқық бұзушылықтарды, орын алған проблемаларды, Қазақстан Республикасының заңнамасындағы кемшіліктер мен олқылықтарды шешу және жою тәсілдері туралы ұсыныстарды қамтитын анықтама түрінде ресімделеді.

Талдау аяқталғаннан кейін, заңдылықты бұзушылықтар анықталған кезде және талдау субъектісінің ресми ұстанымын анықтау қажет болған жағдайда, анықтама

танысу үшін уәкілетті мемлекеттік органға не қарсылықтары болған кезде оларды анықтама тапсырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша ұсынатын ұйымға жіберіледі.

47. Талдау нәтижелері бойынша:

1) прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізу, уәкілетті органдарды хабардар ету, материалдарды қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерге беру және өзге де шаралар қабылдау туралы;

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы құжаттар мен материалдарды СДТБТ-да тіркеуді прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қадағалауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер жүзеге асырады;

2) осы Қағидалардың 48-тармағында көзделген тәртіппен тексеріс жүргізу туралы талаптарды уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберу туралы;

3) тексеріс жүргізу туралы;

4) материалдарды АЕК-те тіркеу және Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген басқа да шараларды қабылдау туралы;

5) Бас Прокурордың алдында Қазақстан Республикасының Конституциялық және (немесе) Жоғарғы соттарына жүгіну туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімдер қабылданады.

Кейінге қалдыруды талап етпейтін жағдайларда осы тармақтың 1) (прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізу туралы шешімдерді қоспағанда), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген шешімдерді прокурор талдау аяқталғанға және оның қорытындылары шығарылғанға дейін қабылдауы мүмкін.

48. Тексеріс жүргізу туралы талаптарға Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасары, Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің, әскери және көлік прокуратурасы органдарының басшысы, олардың орынбасарлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, аудандық прокурор және оған теңестірілген прокурор не олардың міндеттерін атқаратын адамдар қол қояды.

Өңірдің және гарнизонның әскери прокуроры, өңірлік көлік прокуроры, аудандық прокурор және оған теңестірілген прокурор жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексеріс жүргізу туралы, оның ішінде қадағалау және ден қою актілерінде көрсетілген талаптарды, бас әскери және көлік прокурорларымен, облыс прокурорымен талап қоюды жіберудің орындылығы негіздемесін келтіре отырып келісілгеннен кейін жібереді.

4-тарау. Актілерді бағалау

49. Прокуратура Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы Президентінің заңдары мен актілеріне:

1) Үкіметтің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және олардың лауазымды адамдарының актілері мен шешімдерінің;

2) егер осы актілер мен шешімдер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларына байланысты өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, сондай-ақ шектеусіз адамдар қатарына қатысты болса не жария сипатта болса, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың актілері мен шешімдерінің;

3) сот (судья) үкімдерінің, шешімдерінің, қаулыларының және өзге де актілерінің, сондай-ақ қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істердің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің сәйкестігіне жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

Осы тармақта көзделген қадағалау нормативтік құқықтық актілерді, жеке қолданылатын құқықтық актілерді, мемлекеттік органдардың, мекемелердің және өзге де ұйымдардың шешімдерін, сондай-ақ қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерін бағалау жолымен жүзеге асырылады.

50. Актілерді бағалау талдау, тексеру, жолданымдарды қарау барысында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Бас Прокурордың, Бас Прокурор орынбасарының, Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдарының басшысының, облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың, олардың орынбасарларының, аудандық және оған теңестірілген прокурордың, олардың орынбасарларының немесе олардың міндеттерін атқаратын адамдардың тапсырмалары бойынша жүзеге асырылады.

51. Актілерді бағалау барысында прокурор:

1) мыналарды:

бағалау жүргізу үшін қажетті ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді, атқарушылық іс жүргізулерді;

қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істердің, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің, атқарушылық іс жүргізулердің ақпараттарына, мәліметтеріне және құжаттарына және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына қолжетімділікті талап етуге және алуға құқылы.

Талап етілген материалдарды, істерді алғанда және ақпараттық жүйелер мен ресурстарға қол жеткізген кезде прокурор дербес деректердің және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын, оның ішінде заңсыз таратудан сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етеді;

2) жүргізілетін бағалау мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін шақыруға және түсініктемелер алуға;

3) прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында және өзге де заңдарында белгіленген өзге де өкілеттіктерді іске асыруға құқығы бар.

52. Мемлекеттік органдардың, мекемелердің және өзге де ұйымдардың және олардың лауазымды адамдарының актілері мен шешімдері (сот актілерін қоспағанда) оларды қабылдау жөніндегі құзыреті мен өкілеттіктерінің болуы, заңдарда белгіленген талаптарға сәйкестігі, нормативтік құқықтық актілерге, оның ішінде жоғары тұрған деңгейлерге қайшы келуі, заңда белгіленген тәртіптегі мемлекеттік тіркеудің және жариялаудың болуы (қажет болған жағдайда) және басқа да мәселелер тұрғысынан зерделенеді.

53. Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Республика ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келетін актілерге, заңды күшіне енген актілерге, мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды және өзге де уәкілетті адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық енгізіледі.

54. Наразылық мемлекеттік органға, мекемеге, ұйымға, заңсыз акт, шешім қабылдаған лауазымды немесе өзге де уәкілетті тұлғаға немесе жоғары тұрған органға не жоғары тұрған лауазымды адамға енгізіледі.

Мемлекеттік органның, мекеменің, ұйымның, лауазымды адамның немесе өзге де уәкілетті тұлғаның заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осындай тәртіппен наразылық енгізіледі.

Егер прокурордың мұндай актілер мен шешімдерге наразылық білдіруге өкілеттігі болмаса, материалдар құзыреті бойынша тиісті прокурорларға жіберіледі.

55. Наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасарлары, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурорлар, өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, өңірлік көлік прокурорлары, аудандық және оған теңестірілген прокурорлар наразылық білдірілген актінің не әрекеттің орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

Актілер мен шешімдерді тоқтата тұру қаулы қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Нормативтік құқықтық актінің қолданылуын тоқтата тұратын қаулы дереу жариялануға тиіс.

56. Заңсыз шешім, нормативтік құқықтық актіні, жеке-дара қолданылатын құқықтық актіні қабылдаған және шығарған орган немесе лауазымды адам не жоғары

тұрған орган немесе тиісті наразылық білдірген лауазымды адам қабылдамаған кезде прокурор сотқа оларды АПК-де және ӘРПК-де көзделген тәртіппен заңсыз деп тану туралы арызбен жүгінеді.

57. Қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерін бағалау ҚПК, АПК, ӘРПК, ӘҚБтК-де көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

58. Бағалау нәтижелері бойынша:

1) прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізу, уәкілетті органдарды хабардар ету, материалдарды қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерге беру және өзге де шаралар қабылдау туралы;

2) тексеріс немесе талдау жүргізу туралы;

3) материалдарды АЕК-те тіркеу және Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген басқа да шараларды қабылдау туралы;

4) Бас Прокурордың алдында Қазақстан Республикасының Конституциялық және (немесе) Жоғарғы соттарына жүгіну туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімдер қабылданады.

Кейінге қалдыруды талап етпейтін жағдайларда осы тармақтың 1) (прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізу туралы шешімдерді қоспағанда), 2), 3), және 4) тармақшаларында көзделген шешімдерді прокурор бағалау аяқталғанға және оның қорытындылары шығарылғанға дейін қабылдауы мүмкін.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№ 32 бұйрыққа
2-қосымша

Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерінің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерінің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң) сәйкес әзірленді.

2. Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерінің заңдылығын қадағалау міндеттері:

1) адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау және қалпына келтіру;

2) заңдылықты бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтау және жою болып табылады.

3. Аталған міндеттерді іске асыру мақсатында прокурор:

1) заңдылықтың жай-күйін талдайды;

2) заңдылықтың сақталуына тексерістер жүргізеді;

3) күшіне енген актілерді бағалайды;

4) жолданымдарды Конституциялық заңның 24-бабында және Бас Прокурордың актілерінде көзделген тәртіппен қарайды.

2-тарау. Қадағалау қызметін ұйымдастыру

4. Тексерістерді, заңдылықтың жай-күйін талдауды және күшіне енген актілерді бағалауды тағайындау және жүргізу Конституциялық заңның 18, 19, 20 және 21-баптарында, сондай-ақ осы бұйрықта айқындалады.

Талап етілетін мәліметтерді, материалдарды, істерді және ақпараттық жүйелер мен ресурстарға қолжетімділікті алу кезінде прокурор дербес деректердің және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын және қорғалуын, оның ішінде заңсыз таратылудан сақтауды және қорғауды қамтамасыз етеді.

Әскери прокурорлар да сұратылған мәліметтер мен оларды жеткізгіштердің, оның ішінде әскери объектілер құрылысының егжей-тегжейін ашатын мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

5. Прокурорлық қадағалау және ден қою актілерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына міндетті түрде сілтеме жасай отырып, бұзушылықтардың құқықтық мәні көрсетіледі, заңды және нормативтік құқықтық актілерді бұзудың жағымсыз салдарлары, оған ықпал еткен себептер мен жағдайлар атап көрсетіледі, оларды жою, бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру, келтірілген зиянның орнын толтыру және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту туралы мәселе қойылады.

Прокурорлық қадағалау актісі түсіну үшін айқын болуға, біркелкі қолдануды қамтамасыз етуге, оның пәрмені қолданылатын адамдар тобын түпкілікті айқындауға тиіс.

Қадағалау және ден қою актілеріне қол қойған прокурор оның сапалы дайындалуын қамтамасыз етеді.

6. Қадағалау және ден қою актісіне қол қойған прокурор олардың орындалуын және заңдылықтың бұзылуын іс жүзінде жоюды бақылауды қамтамасыз етеді.

Бұл ретте, прокурорлардың актілерін орындау үшін қабылданған мемлекеттік органдардың шешімдері мен іс-әрекеттерінің орындалу барысын бақылау, мемлекетке келтірілген залалды өтеуге және кінәлілерді заңда белгіленген жауаптылыққа тартуға қол жеткізу қажет.

Прокурорлық қадағалау актілерін қарау, ал заңда тікелей көзделген жағдайларда оны орындау міндетті.

Прокуратура актілерін қарамау, сол сияқты тиісті тұрғыда қарамау, орындамау не прокурордың заңды талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері енгізілгеннен кейін бұзушылық жасаған адамдарды жауапқа тарту мерзімі Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын тәртіппен осы акті бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтатыла тұрады.

7. Орталық мемлекеттік органдарға және олардың ведомстволарының атына жазылған прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін облыс прокуроры және оларға теңестірілген прокурор, бас әскери және бас көлік прокурорларын қоспағанда, Бас прокуратура арқылы енгізеді.

Облыс прокуроры және оларға теңестірілген прокурор орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының атына жіберген прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін Бас прокуратурамен келісу мерзімі он жұмыс күнінен аспайды.

8. Қадағалау және ден қою актілерін енгізген кезде, сондай-ақ оларға жауап алған кезде прокурор электрондық ақпараттық есепке алу құжатында қамтылған мәліметтердің анықтығы мен толықтығын, олардың Бас прокуратураның ақпараттық жүйелеріне уақтылы енгізілуін қамтамасыз етеді.

9. Жоғары тұрған прокурор төмен тұрған прокурорлардың қадағалау және ден қою актілерін тексеруді қамтамасыз етеді.

Жоғары тұрған прокурор төмен тұрған прокурордың прокурорлық қадағалау және ден қою актілерінің заңдылығын тексеру нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін кері қайтарып алады. Заңдарда және осы Нұсқаулықта белгіленген құзыреттілік бұзылған жағдайда, осы актілерді енгізу құзыретіне кіретін прокурорға береді;

2) прокурорлық қадағалау және ден қою актілері не оның жекелеген талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы екені анықталған жағдайда, оларды өзгертеді не оларды өзгерту туралы нұсқау береді;

3) прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін күшінде қалдырады.

Қажет болған жағдайда, жоғары тұрған прокурор тиісті хат арқылы прокурорлық қадағалау актілерінің әрекет етуін оларды енгізу қажеттілігі туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұрады.

10. Жоғары тұрған прокурор қадағалау және ден қою актілері бойынша қабылданатын шаралардың толықтығы мен тиімділігі мақсатында төмен тұрған прокурорлардың қадағалау және ден қою актілеріне берілген жауаптарды тексеруді қамтамасыз етеді.

Қадағалау және ден қою актілеріне жауап қабылданбаған жағдайда қадағалау және ден қою актілеріне қол қойған прокурор оны тиісінше қарау жөнінде шаралар қабылдайды.

11. Қадағалау мен ден қоюдың заңсыз және негізсіз актілерін енгізуге жол берілмейді.

Прокурорлар қадағалау және ден қою актілерін, сондай-ақ сот тәртібімен заңсыз деп танылған не жоғары тұрған прокурор күшін жойған, кері қайтарып алған, тоқтата тұрған немесе өзгерткен актілерін орындау үшін қабылданған мемлекеттік органдардың шешімдері мен іс-әрекеттерін есепке алуды жүргізеді.

Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің басшысы, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, аудандық көлік прокурорлары, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар не олардың міндеттерін атқаратын адамдар қадағалау және ден қою актілері енгізіліп, оларға жауап алынғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Бас прокуратураның деректер банкін толықтыруды қамтамасыз етеді.

Бас әскери және көлік прокуратуралары, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар актілерді жарамсыз деп тану себептеріне талдау жүргізеді.

Талдау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы ақпарат Бас прокуратураға тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

12. Прокурорлар мемлекеттік органдар қабылдайтын тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың заңдылығын, сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда олардың қолданылғаны туралы прокурордың уақтылы хабардар етілуін тиісінше қадағалауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органның заңнамалық актілерге сәйкес мұндай хабарламаны талап ететін іс-әрекеттер жүргізгені туралы прокурорға хабарламау немесе уақтылы хабарламау фактілері анықталған кезде кінәлі лауазымды адамдарды заңда белгіленген әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу қажет.

13. Прокурорлар Ақпаратты есепке алу кітабында тіркелген, соның ішінде Қылмыстық-процестік кодекстің 181-бабы 5-бөлігінің тәртібімен тапсырылған материалдарды есепке алуды ұйымдастырады және осындай материалдар, алынған

қорытындылар және тексеру актілері бойынша уәкілетті органмен ай сайын салыстырып тексеру жүргізеді.

14. Прокурорлық қадағалау тиімділігін арттыру мақсатында Бас прокуратурада, Бас әскери және көлік прокуратураларында, облыстардың прокуратураларында және оларға теңестірілген прокуратураларда заңдылықтың жай-күйін болжау, төмен тұрған прокуратуралардың қызметін және прокурорлық практикасын талдау үшін жұмыс аймақтық-тақырыптық қағидат бойынша ұйымдастырылады.

Тақырыптық қағидат бойынша жұмыс прокурорға жекелеген құқықтық қатынастардың (тақырып бағыттары) саласын бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Бекітілген құқықтық қатынастар салалары бойынша прокурор заңдылықтың жай-күйіне, прокурорлық қадағалауға жүйелі түрде талдау жүргізеді, осы саладағы қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, қадағалау қызметінің нысандарын, әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

Тақырыптық бағыттар қадағалауға алынған өңірдегі заңдылықтың жай-күйіне және ерекшеліктеріне, қандай да бір азаматтық-құқықтық даулардың таралуына сүйене отырып айқындалады.

Аймақтық қағидат прокурорға нақты өңірді (облысты, қаланы, ауданды) бекіту арқылы заңдылықтың жай-күйін тұрақты талдау және осы өңірдегі прокуратура органдарының қызметіне мониторинг жүргізу, олардың қадағалау және ден қою актілерін тексеру мақсатында жүзеге асырылады.

15. Прокурорлар қадағалауға алынған өңірдің толық сипаттамасы, оның ішінде, әлеуметтік-экономикалық дамуының, демографиялық жағдайының, сондай-ақ халықтың қоғамдық, діни және саяси белсенділігінің негізгі көрсеткіштері қамтылған өңірдің үнемі жаңартылып отыратын паспортын жүргізуді қамтамасыз етеді.

16. Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар өңірдің паспортын және қадағалаудағы өңірдегі заңдылықтың жай-күйі туралы ақпаратты жарты жылдан кейінгі айдың 10-күніне дейін Бас прокуратураға ұсынады.

17. Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар тексерістер, заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізу, жолданымдарды қарау кезінде Республиканың басқа өңірлерінің прокурорларымен ақпарат алмасу, жекелеген тапсырмаларды орындау, прокуратуралардың қызметкерлері мен мамандарын бөлу арқылы тікелей және жедел өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді

Занды күшіне енген сот актілерінің, азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер, атқарушылық іс жүргізу бойынша сотта мемлекет мүдделерін білдірудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Занды күшіне енген сот актілерінің, азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер, атқарушылық іс жүргізу бойынша сотта мемлекет мүдделерін білдірудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Конституциялық заң) сәйкес әзірленді.

2. Мемлекет атынан азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығына жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей де, әрі өзіне бағынысты прокурорлар арқылы да жүзеге асырады.

3. Қадағалау міндеттері:

1) азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

2) сот төрелігін іске асыру қағидаттарын мүлтіксіз сақтау;

3) заңдылықты бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарын анықтау және жою;

4) заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

4. Қадағалау функцияларын тиімді жүзеге асыру және заңдылықтың бұзылуына жедел ден қою мақсатында прокурорлар өз қызметінде құқық қорғау және арнаулы органдардың Ақпараттық алмасу жүйесін және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өзге де ақпараттық жүйелерін пайдаланады.

2-тарау. Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сотта мемлекет мүдделерін білдіру

5. Азаматтық және әкімшілік істер бойынша соттарда мемлекеттің мүддесін білдіре отырып, прокурор өз өкілеттіктерін Конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (бұдан әрі – АПК), Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне (бұдан әрі – ӘРПК) және өзге де заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

6. Прокурорлар:

1) мемлекет мүдделерін қозғайтын;

2) қоғамдық мүдделерді немесе физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды дербес жүзеге асыра алмайтын адамдарды қорғау талап етілгенде;

- 3) сот оны қажет деп таныған кезде;
- 4) ата-ана құқығынан айыру туралы;
- 5) нормативтік құқықтық актінің заңдылығын даулау туралы;
- 6) кәмелетке толмаған баланы девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім беру ұйымына немесе ерекше ұстау режимі бар ұйымға орналастыру туралы;
- 7) балаларды асырап алу туралы, бала асырап алудың күшін жою туралы, бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы азаматтық істер бойынша процеске қатысады.

7. Прокурорлар мынадай:

1) салықтық, кедендік, бюджеттік қатынастардан, табиғи ресурстарды пайдалануға және қоршаған ортаға әсер етуге байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтау, табиғи ресурстарды пайдалану мен молықтыру саласындағы қатынастардан туындайтын ;

2) мемлекеттен және мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау кезінде мемлекеттік сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау туралы әкімшілік істер бойынша;

3) сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғауға байланысты;

4) әкімшілік акт, әкімшілік іс-әрекет (әрекетсіздік) физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға байланысты өз бетінше құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыра алмайтын адамдардың немесе шектелмеген адамдар қатарының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін шектеуі мүмкін болғанда;

5) прокурордың қатысу қажеттілігін сот таныған жағдайларда әкімшілік істер бойынша процеске кіріседі.

ӘРПК-нің 1-бабының 3-бөлігіне сәйкес егер ӘРПК-де өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде АПК-нің ережелері қолданылады.

8. Аумақтық прокурорлар құзыреті шегінде өздерінің орналасқан жері бойынша осы соттар орналасқан жердегі әскери, көлік және мамандандырылған прокурорлардың қарауына жатқызылған дауларды қоспағанда, бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда азаматтық және әкімшілік істерді қарау кезінде қатысуды қамтамасыз етеді.

Инвестициялық дауларды қарау кезінде қатысу Астана қаласының прокуратурасына жүктеледі.

Әскери прокурорлар әскери соттардың осы Нұсқаулықтың 6, 7-тармақтарында көзделген азаматтық және әкімшілік істерді қарауы кезінде өздерінің орналасқан жері бойынша құзыреті шегінде қатысуды қамтамасыз етеді.

Көлік прокурорлары бірінші және апелляциялық сатылардағы соттар осы Нұсқаулықтың 6-7-тармақтарында көзделген, дау нысанасы көлік инфрақұрылымы объектілері болып табылатын не тараптардың бірі ретінде теміржол, автомобиль (жолаушылардың, багаж бен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары бөлігінде), теңіз, ішкі су, әуе, қалалық рельстік және магистральдық құбыржол

көлігінің, ғарыш жүйесі ұйымдары, сондай-ақ аталған объектілер мен субъектілерге қатысты өкілеттіктерді іске асыратын мемлекеттік органдар және көлік прокуратурасы болып табылатын азаматтық және әкімшілік істерді (мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығына жататын және мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот қарайтын істерді қоспағанда) қараған кезде өзінің орналасқан жері бойынша құзыреті шегінде қатысуды қамтамасыз етеді.

Мамандандырылған табиғат қорғау прокурорлары өздерінің орналасқан жері бойынша құзыреті шегінде олар талап қоюшы, жауапкер не үшінші тұлға ретінде болатын азаматтық және әкімшілік істерді соттардың қарауы кезінде қатысуды қамтамасыз етеді.

Аумақтық прокурорлар Нұсқаулықта осы соттардың орналасқан жері бойынша орналасқан әскери, көлік, мамандандырылған прокурорлардың іс жүргізуіне жатқызылған істі сот іс жүргізуіне қабылдаған жағдайда, әскери, көлік, мамандандырылған прокурорларды уақтылы және тиісті түрде хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Әскери, көлік және мамандандырылған прокурорлар қарауға тағайындалған және қаралған барлық істердің мониторингін соттың ресми сайты пайдалана отырып жүзеге асырады.

Әскери, көлік және мамандандырылған прокуратура өзінің жүргізуіне жатқызылған істі қарауға тағайындалған сот орналасқан жерде болмаған не ол туралы әскери, көлік немесе мамандандырылған прокурорға хабарланбаған жағдайда, соттарға қатысу және кейін сот актілерінің заңдылығын тексеру тиісті аумақтық прокурорға жүктеледі. Қатысушы прокурор істі қарау нәтижелері туралы әскери, көлік және мамандандырылған прокуратураға ақпарат береді.

Сондай-ақ әскери, көлік, мамандандырылған прокурор құзыретіне сәйкес аумақтық прокурордың қатысуымен қаралған, бірақәскери, көлік немесе мамандандырылған прокурорлардың қадағалауындағы ұйымдардың мүдделерін қозғайтын іс бойынша соттар қабылдаған шешімдер туралы хабардар етілуге тиіс.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарға және мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарға қатысуды облыстардың және оларға теңестірілген прокуратуралардың (Астана, Алматы және Шымкент қалалары) тиісті бөлімшелерінің прокурорлары қамтамасыз етеді.

Аталған соттар орналасқан жерде облыстық және оған теңестірілген прокуратура болмаған жағдайда қатысуды осы соттар орналасқан жерде орналасқан прокурорлар қамтамасыз етеді.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында және Астана қаласының сотында көлік прокурорларына ведомстволық қарасты істер бойынша қатысуды Бас көлік прокуратурасы қамтамасыз етеді.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында және Астана қаласының сотында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мүдделерін қозғайтын, қорғаныс өнеркәсібі объектілері (субъектілері), оның ішінде көрсетілген объектілерді (субъектілерді) ұстауға байланысты, қару-жарақ пен әскери техниканың айналымы туралы даулар жөніндегі істер бойынша қатысуды Бас әскери прокуратура қамтамасыз етеді.

Кәметке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарға қатысуды қамтамасыз ету осы соттардың орналасқан жері бойынша орналасқан прокурорларға жүктеледі.

9. Бас прокуратураның қызметкерлері Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Орталық референдум комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істерді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – Жоғарғы Сот) бірінші сатысы бойынша қарауына қатысады.

Осы Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарында көзделген кассациялық тәртіппен Жоғарғы Соттың сот алқасының отырыстарында қаралатын істер бойынша қатысуды Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша бағынысты прокурорлар қамтамасыз етеді.

10. Прокурорлардың талап қоюлары мен арыздары бойынша қозғалған істер бойынша, сондай-ақ прокуратура органы жауапкер ретінде тартылған істер бойынша соттарда прокуратураның өкілдері ретінде қатысуды тиісті прокуратуралардың (бөлімшелердің) қызметкерлері қамтамасыз етеді.

Жоғары тұрған прокурорлар енгізген талаптарды қарау кезінде қатысу, қажет болған жағдайда, төмен тұрған прокурорларға тапсырылады.

Талап қойған прокурордың сенімхаты бойынша апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттарда талап қою қаралатын орны бойынша орналасқан прокурорлар қатыса алады.

АПК-нің 72-бабына сәйкес сотта қаралатын дау бойынша прокуратура органдарының талапкер немесе жауапкер ретінде мүддесін қорғайтын прокурор істің дұрыс шешілуіне қажетті дәлелдемелерді ұсынады. Прокурорлардың талап қоюлары (арыздары) бойынша сот актілерін іс жүзінде орындау мақсатында, егер оларды сотқа ұсыну сатысында осындай өтінішхаттар мәлімделмесе, қажетті жағдайларда сот алдында қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы мәселені уақтылы қою керек.

Процесте жарыспалылықты қамтамасыз ету және көрсетілген санаттағы істер бойынша заңсыз сот актілерін даулау осы қызметкерлерге жүктеледі.

Прокурордың бастамасы бойынша қозғалған іс бойынша, сондай-ақ прокуратура органы жауапкер ретінде болатын дау бойынша сот жарыссөздерінен кейін істің мәні бойынша прокурордың қорытындысы талап етілмейді, өтінішхат берілмейді,

қабылданған сот актілерімен келіспеген жағдайда, прокурор апелляциялық, кассациялық шағым, сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат беруге құқылы.

Апелляциялық, кассациялық шағымдарды, сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхатты жоғары тұрған прокуратурамен келісу АПК-нің 401-бабының 2-бөлігінде, 435-бабының 1-1-бөлігінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қарашадағы №1072 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының заң қызметтері туралы үлгі ереженің 8-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Бұл ретте, апелляциялық, кассациялық шағымды келісу туралы өтінішхатты арыз (талап қою) енгізуге бастамашы болған не қаралып отырған дау құзыретіне жататын бөлімше қарайды.

Осындай азаматтық істер бойынша кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхат Жоғарғы Соттың судьясы өтінішхатты кассациялық сатының сот отырысында қарау үшін беруден бас тартқан жағдайда ғана Бас прокуратураға беріледі.

Әкімшілік істер бойынша – тек Жоғарғы Сот кассациялық шағымды қарағаннан кейін беріледі.

Облыстардың прокуратуралары прокуратура органдарына қатысты сотқа талап қоюдың (арыздың) келіп түскендігі туралы, қабылданған процестік шешім, келіп түскен шағымдар, сот актілерін қайта қараудың нәтижелері туралы талап қоюдың (арыздың) көшірмелерін және басқа да материалдарды қоса тіркей отырып, Бас прокуратураға дереу хабарлайды.

11. Іс бойынша тарап емес және осы Нұсқаулықтың 6, 7-тармақтарында көзделген істер бойынша процеске кіріскен прокурор сот жарыссөздерінен кейін жалпы істің мәні бойынша қорытынды береді.

Азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізудің барлық сатыларында прокурорлар өз ұстанымын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, іс материалдарына қатаң сәйкестікте айқындайды, оны дәйекті түрде қорғайды, заңдылық, заңды тұлғалар мен азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаттарын басшылыққа алады.

Азаматтық және әкімшілік процестің барлық сатыларында іс материалдарымен танысу нәтижелерін қатысушы прокурор тиісті жоғары тұрған прокурорға немесе жетекшілік ететін орынбасарға оның қорытындыны бекітуі үшін алдын ала баяндайды.

Прокурордың қорытындысы жазбаша түрде жасалып, онда мыналар:

істің атауы;

тараптар;

мәлімделген талаптардың мәні;

тараптардың сілтеме жасайтын мән-жайлары;

тараптар ұсынған дәлелдер туралы олардың қатыстылығы, жол берілетіндігі, шынайылығы және жеткіліктілігі тұрғысынан прокурордың пікірі;

қолдануға жататын материалдық және процестік құқықтардың нормалары;

мәлімделген талаптардың мәні мен сот шығындарын бөлу бойынша прокурордың тұжырымдары көрсетіледі.

Сондай-ақ апелляциялық, кассациялық сатыдағы соттарда қайта қарауға жататын іс бойынша қорытындыда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

судья (баяндамашы, алқа құрамы), қайта қарауға жататын сот актілерінің қысқаша мазмұны, соттың ұстанымы;

бірінші сатыдағы сотта істі қарауға қатысқан прокурор, оның қорытындысының қысқаша мазмұны;

шағымның (өтінішхаттың) дәлелдемелері;

істі зерделеудің нәтижелері;

шағымның (өтінішхаттың) негізділігі туралы тұжырымдар.

Сот актілері заңды күшіне енген, кассациялық тәртіпте Жоғарғы Соттың сот алқасының қарауына тағайындалған азаматтық және әкімшілік істер бойынша қорытындыларды Бас Прокурордың орынбасары бекітеді.

Сот актілері заңды күшіне енбеген, кассациялық тәртіпте Жоғарғы Соттың қарауына тағайындалған әкімшілік істер бойынша қорытындыларды Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің басшысы бекітеді.

АПК-нің 73-бабының 1-бөлігіне сәйкес бірінші сатыдағы сотқа тарапта бар дәлелдемелерді ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатыдағы сотқа ұсыну мүмкіндігінен айырады.

Әкімшілік істер бойынша дәлелдеу ауыртпалығы әкімшілік органға және лауазымды адамға жүктелген.

Сондықтан прокурорлар мемлекеттік заңды тұлғалардың істі соттың дұрыс шешуі үшін қажетті дәлелдемелерді уақтылы ұсынуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайды.

Прокурорлар азаматтық және әкімшілік процестерде мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың мүдделеріне олардың өкілдерінің тиісті түрде өкілдік етпеу фактілеріне ден қояды, кінәлі адамдарды жауаптылыққа тартуға бастамашылық жасайды.

Азаматтық және әкімшілік істердің материалдары бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар тарапынан заңдылықты бұзу анықталған кезде, прокурор сот алдында жеке ұйғарым шығару туралы өтініш жасайды және/немесе ол туралы жоғары тұрған прокурордың назарына жазбаша түрде баянатпен немесе электронды құжат нысанында дереу жеткізеді, ал ол:

баянатты СДТБТ-да тіркеу туралы;

материалдарды Ақпаратты есепке алу кітабына (бұдан әрі – АЕК) тіркеу туралы;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы;
тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы;
талап қоюды беру туралы;

кінәлі адамдарды заңда белгіленген жауаптылыққа тарту және бұзушылықтарды жою мақсатында Заңның 5-тарауында көзделген прокурорлық қадағалау және ден қоюдың өзге де актілерін енгізу туралы;

Бас Прокурордың алдында Қазақстан Республикасының Конституциялық және (немесе) Жоғарғы Сотына жүгіну туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Прокурорлар жеке ұйғарымдарды қарау практикасын (сапасын) талдайды, заңдылықты бұзушылықтар анықталған кезде прокурорлық қадағалау не ден қою шаралары қабылданады.

Талдау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы мәліметтер Бас прокуратураға келесі жарты жылдықтың 10-күніне дейін ұсынылатын қадағалаудағы өңірдегі заңдылықтың жай-күйі туралы ақпаратқа енгізіледі.

12. Прокурорлар осы Нұсқаулықтың 6, 7-тармақтарында аталған істер бойынша сот жіберген қателіктерге апелляциялық және кассациялық тәртіппен сот актілеріне өтінішхаттар келтіру арқылы уақтылы ден қоюлары қажет.

Азаматтық және әкімшілік істер бойынша апелляциялық өтінішхаттар енгізу мерзімдері АПК-нің 403-бабының 3-бөлігінде және ӘРПК-нің 168-бабының 2-бөлігінде көзделген.

Инвестициялық қызметке байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы инвестициялық даулар мен өзге де даулар бойынша сот актілеріне азаматтық және әкімшілік істер бойынша апелляциялық өтінішхатты және әкімшілік істер бойынша кассациялық өтінішхатты уақтылы келтіру Астана қаласының прокурорына жүктеледі.

Прокурорлар өздерінің құзыреті шегінде апелляциялық мерзімдерде азаматтық істер бойынша заңды күшіне енбеген, АПК-нің 434-бабының 2-бөлігіне сәйкес кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын және мемлекет пайдасына шығарылмаған сот актілерінің заңдылығын зерделейді.

Азаматтық істер бойынша сот актілеріне апелляциялық өтінішхаттарды Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасарлары, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, аудандық көлік прокурорлары, аудан прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, сондай-ақ істі бірінші сатыдағы сотта қарауға қатысқан прокурор келтіреді.

Прокурорлар өз құзыреті шегінде апелляциялық мерзімде осы Нұсқаулықтың 7-тармағында аталған, жазбаша талқылауда қаралған әкімшілік істер бойынша заңды күшіне енбеген сот актілерінің заңдылығын ӘРПК-нің 23-тарауына сәйкес зерделейді.

Әкімшілік істер бойынша сот актілеріне апелляциялық өтінішхаттарды Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасарлары, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, аудандық көлік прокурорлары, аудан прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, сондай-ақ істі бірінші сатыдағы сотта қарауға қатысқан прокурор келтіреді.

Апелляциялық өтінішхат АПК-нің 427-бабында көзделген сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге негіздер болған кезде ғана келтіріледі.

Апелляциялық өтінішхаттың мазмұнына қойылатын талаптар АПК-нің 404-бабында белгіленген.

Мемлекет пайдасына шығарылмаған азаматтық істер бойынша сот актілерімен келіскен жағдайда, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар олар заңды күшіне енген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Бас прокуратураға істер бойынша бұрын бекітілген қорытындыларын жібереді.

Әкімшілік істер бойынша мемлекеттің пайдасына шығарылмаған сот актілерімен келіскен жағдайда, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар олар заңды күшіне енген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Бас прокуратураға істер бойынша бұрын бекітілген қорытындыларды жібереді.

Бұл ретте, прокурор заңнамада көзделген негіздер болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қарашадағы №1072 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының заң қызметтері туралы үлгі ереженің 8-тармағы он төртінші абзацының барлық сот сатыларында сот актілеріне уақтылы шағым келтіру бойынша талаптарын мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің орындауы бойынша шаралар қабылдайды.

13. Осы Нұсқаулықтың 6, 7-тармақтарында көрсетілген азаматтық және әкімшілік істер бойынша заңды күшіне енген сот актілеріне процеске қатысушылардың шағымдарын қызметкері сот отырысына қатысқан прокуратура қарайды.

Өтініш қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда, оған прокуратура басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қояды.

Өтініштерге жауаптар негізді және уәжді болуы, арыз берушінің дәлелдерін жоққа шығаратын нақты фактілерді қамтуы тиіс.

Бұл ретте, прокурор осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілмеген даулар бойынша сот актілеріне келіп түскен шағымды арыз берушіге апелляциялық және кассациялық шағымды өз бетінше беру құқығын түсіндіре отырып қайтарады.

Осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілмеген әкімшілік істер бойынша прокурор арыз берушіге апелляциялық және кассациялық шағыммен өз бетінше жүгіну құқығын

түсіндіре отырып, заңды күшіне енбеген сот актілеріне келіп түскен шағымды қайтарады.

14. Істерді апелляциялық тәртіппен қарау кезінде Бас әскери және көлік прокурорлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор осы Нұсқаулықтың 6, 7-тармақтарында көзделген, оның ішінде жеңілдетілген (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешілген азаматтық және әкімшілік істер бойынша тиісті прокурорлардың қатысуын қамтамасыз етеді.

15. Апелляциялық сатыдағы сотта қорытынды берген кезде прокурор істің мән-жайын, сондай-ақ сотта тыңдалған түсіндірмелерді, АПК-нің 404-бабы 2-бөлігінің тәртібімен сот қабылдаған қосымша дәлелдемелерді ескереді. Бұл ретте, прокурор өтінішхаттың дәлелдеріне байланысты болмайды және заң талаптары мен қолда бар іс жүзіндегі деректерді негізге ала отырып әрекет етеді.

16. Сот азаматтық іс бойынша апелляциялық өтінішхатты негізсіз қанағаттандырудан бас тартқан кезде, сондай-ақ материалдық және процестік құқық нормаларының елеулі бұзылғаны анықталған кезде Бас әскери және көлік прокурорлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор Бас прокуратураға АПК-нің 440-бабының талаптарына сәйкес келетін кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхатпен жүгінеді.

Көрсетілген талаптарға сай келмейтін өтінішхат қараусыз қайтарылуға жатады.

Азаматтық іс бойынша сот актісіне кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхат Бас прокуратураға ол заңды күшіне енгеннен кейін отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал істі зерделеу қажет болған жағдайда, істің прокуратураға түскен күнінен бастап отыз жұмыс күні ішінде енгізіледі.

Істі сұрату АПК-нің 438-бабының 1-бөлігінде көзделген тәртіппен сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Өтінішхатты Бас прокуратураға мерзімінен неғұрлым кешіктіріп енгізгенде, себептері түсіндіріле отырып, растайтын құжаттар қоса беріледі.

17. Әкімшілік іс бойынша апелляциялық өтінішхатты сот қанағаттандырудан негізсіз бас тартқан кезде, сондай-ақ материалдық және процестік құқық нормаларының елеулі бұзылғаны анықталған кезде, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор қаулы түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жоғарғы Сотқа ӘРПК-нің 169-бабының 2-бөлігіне сәйкес кассациялық өтінішхат береді.

Жоғарғы Сотқа әкімшілік іс бойынша кассациялық өтінішхат берілген жағдайда, оның көшірмесі бір мезгілде Бас прокуратураға жіберіледі.

Кассациялық өтінішхат беру құқығы Бас әскери және көлік прокурорларына, облыс прокурорларына және оған теңестірілген прокурорларға тиесілі.

Бас Прокурор мен оның орынбасарлары істі қарауға қатысуына қарамастан, өз құзыреті шегінде шешім қабылдауға кассациялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Сот кассациялық өтінішхатты негізсіз қабылдамаған кезде, сондай-ақ материалдық және процесік құқық нормаларының елеулі бұзушылықтары анықталған кезде, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор Бас прокуратураға ӘРПК-нің 440-бабының талаптарына жауап беретін әкімшілік іс бойынша кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхатпен жүгінеді.

Кассациялық сатыдағы соттың қаулысы ӘРПК-нің 169-бабының 6-бөлігінде көзделген жағдайларда қайта қаралуы мүмкін екенін ескере отырып, өтінішхатта сот актілерін қайта қарау негіздерінің айрықшалығы неде екендігі көрсетілуге тиіс.

Көрсетілген талаптарға сай келмейтін өтінішхат қараусыз қайтарылуға жатады.

Әкімшілік іс бойынша сот актісіне кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхат Бас прокуратураға ол заңды күшіне енген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі.

Әкімшілік іс бойынша сот актісінің заңды күшіне ену тәртібі ӘРПК-нің 161, 168, 169-баптарында регламенттелген.

18. Бас Прокурор азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот актілеріне өз бастамасы бойынша да, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтінішхаттары бойынша да, осы Нұсқаулықтың 6, 7-тармақтарында көрсетілген істер бойынша кассациялық наразылықтар келтіруге құқылы.

Азаматтық және әкімшілік істер бойынша кассациялық наразылық келтіру мерзімдері АПК-нің 436-бабының 1-бөлігінде және ӘРПК-нің 169-бабының 3-бөлігінде көзделген.

Жеке және заңды тұлғалардың кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхатының мазмұны АПК-нің 441-бабында көрсетілген.

Заңды өкілдер берген өтінішхаттарға олардың құзыретін куәландыратын құжаттар қоса беріледі.

Тапсырма бойынша өкілдің құзыреті АПК-нің 61-бабында көзделген талаптарға сәйкес рәсімделеді.

Тапсырма бойынша өкілдер берген өтінішхаттарға заңға сәйкес рәсімделген және берілген сенімхат қоса беріледі.

АПК-нің 58-бабы 1-бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген тапсырмалар бойынша өкіл осы іс бойынша өкілдікті жүзеге асыруға берілген тапсырманы куәландыратын құжаттарды ұсынады.

АПК-нің 58 - бабы 1-бөлігінің 6) тармақшасында көрсетілген тапсырмалар бойынша өкіл заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжатты ұсынады

Адвокат берген өтінішхатқа "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген адвокат куәлігінің көшірмесі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама қоса беріледі.

АПК-нің көрсетілген талаптарына сай келмейтін кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхат, атап айтқанда:

АПК-нің 435-бабына сәйкес заңды күшіне енген сот актісін даулауға құқығы жоқ адамдар берген;

АПК-нің 54-бабының 2-бөлігінде, ӘРПК-нің 31-бабының 2-бөлігінде көзделмеген істер бойынша;

АПК-нің 436-бабының 1-бөлігінде, ӘРПК-нің 169-бабының 3-бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін;

АПК және ӘРПК белгілеген шағымдану тәртібін бұза отырып;

өтінішхат берген адам және мүддесі үшін өтінішхат берілген адам туралы, оның мекенжайы немесе тұрғылықты жері және істегі процестік жағдайы туралы мәліметтер қамтылмаған;

іске қатысатын адамдар және олардың мекенжайы немесе тұратын жері туралы көрсетілмеген;

бірінші, апелляциялық сатылардағы істерді қарайтын соттар және олар қабылдаған шешімнің мазмұны туралы көрсетілмеген;

наразылық келтіруге ұсынылған сот актісі туралы көрсетілмеген;

материалдық не процестік құқықтар нормаларының елеулі бұзылуының мәні неде екені көрсетілмеген;

сот актілерін қайта қарау үшін ерекше негіздері неден тұратыны көрсетілмеген (АПК-нің 438-бабының 6-бөлігінде және ӘРПК-нің 169-бабының 6-бөлігінде көзделген негіздер бойынша өтінішхат берген жағдайда);

өтінішхат берген адамның қолы қойылмаған;

тапсырма бойынша өкіл сенімхатты немесе осы іс бойынша өкілдікті жүзеге асыру берілген тапсырманы куәландыратын басқа құжатты қоса тіркеусіз берген;

заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжатсыз;

құзыреттерін куәландыратын құжаттарсыз заңды өкіл берген;

адвокат өзінің куәлігінің және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламаның көшірмелерін тіркеместен берген өтінішхат оны берген адамға қараусыз қайтарылуға жатады.

Бұдан басқа, АПК-нің 13, 15, 25-баптарындағы белгіленген тараптардың тең құқықтығы қағидасын және сот ведомстволығының басымдығын, АПК-нің 442-бабы 4-бөлігінің талаптарын негізге ала отырып, АПК-нің 112-бабында көрсетілген адамдар АПК-нің 441-бабының талаптарын сақтай отырып өтінішхат берген жағдайлардан басқа, егер арыз беруші осы құқықты іске асырмаса, прокурор кассациялық тәртіппен сот актісін қайта қарау туралы өтінішхатты тікелей кассациялық сатыдағы сотқа жүгіну үшін қайтаруға құқылы.

19. Бас прокуратура жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін және прокурорлардың кассациялық наразылық келтіру туралы өтініштерін қарауды қажет

болған жағдайда істерді талап ете отырып жүзеге асырады. Бұл жағдайда азаматтық және әкімшілік іс жауапты орындаушыға өтінішхаттар келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде сұратылады.

Ерекше жағдайларда Бас Прокурордың, Бас Прокурордың орынбасарының, Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесі басшысының, оның орынбасарының тапсырмасы болған кезде іске сұрау салу Бас прокуратураға өтінішхат келіп түскен кезден бастап күнтізбелік он бес күн ішінде жіберіледі.

Қажет болған жағдайда, Бас әскери және көлік прокурорларынан, облыстардың прокурорларынан және оларға теңестірілген прокурорлардан және уәкілетті органдардан іс үшін маңызы бар мән-жайларды толық, жан-жақты және объективті анықтау үшін және кассациялық наразылықты келтіру туралы мәселені шешу үшін қосымша мәліметтер талап етіп алдырылады.

20. Бас әскери және көлік прокурорларының, облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхаты ол келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде, ал істі талап еткен кезде – іс Бас прокуратураға келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қаралады.

Өтінішхатты қарау мерзімін Бас Прокурор не Бас Прокурордың орынбасары ұзартады.

Мерзімдер АПК-нің 122-бабының 2-бөлігінде, 123-бабында көзделген тәртіпте есептеледі.

21. Бас әскери және көлік прокурорларының, облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда, арыз иесіне, бас әскери және көлік прокурорларына, облыс прокурорына және оған теңестірілген прокурорға берілген жауапқа Бас Прокурордың орынбасары қол қояды.

22. АПК-нің 435-бабының 2-бөлігіне, ӘРПК-нің 169-бабының 3-бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық білдіру құқығына Бас Прокурор ие болады.

Кассациялық наразылықтың дәлелдерін қолдауды Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша бағынысты прокурорлар қамтамасыз етеді.

23. Прокурорлар прокурорлардың қатысуымен қаралған істер бойынша сот актілерінің және олар бойынша берілген қорытындылардың (бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылар бойынша бөлек) есепке алынуын ұйымдастырады.

3-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша соттарда мемлекет мүдделерін білдіру

24. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша соттарда мемлекет мүддесін білдіре отырып, прокурор өз өкілеттігін Конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (бұдан әрі – ӘҚБтК) және өзге де заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

25. Прокурор:

1) кәмелетке толмағандарға қатысты;

2) ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігіндегі баптың санкциясы әкімшілік қамаққа алу түріндегі жазаны баламасыз қолдануды көздейтін;

Егер процеске қатысушылардың бірі оның қатысу қажеттілігі туралы өтінішхат мәлімдесе, ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігіндегі баптың санкциясы әкімшілік қамаққа алуды баламалы қолдануды көздейтін істер бойынша;

3) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығаруға әкеп соғатын;

4) ол өзі қозғаған;

5) жазбаша нұсқау бойынша жоғары тұрған прокурор оның қатысуын қажет деп таныған;

6) монополияға қарсы органның және табиғи монополиялар салаларында жетекшілікті жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдары олар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды қарау және толтыру құқығына ие кәсіпкерлік қызмет саласындағы;

7) қоршаған ортаны қорғау саласындағы;

8) салық салу саласындағы;

9) кеден ісі саласындағы;

10) осы Нұсқаулықтың 42-тармағының 6), 7), 8) және 9)-тармақшаларында көрсетілген істерді қарау ведомстволық бағыныстылығына жататын уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларына шағымдану туралы;

11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жөніндегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сотқа міндетті түрде қатысады.

Бұдан басқа, ӘҚБтК-нің 759-бабына сәйкес прокурорлар сотқа өзге де істер бойынша қатысады.

26. Аумақтық прокурорлар құзыреті шегінде өздерінің орналасқан жері бойынша осы соттар орналасқан жерде орналасқан әскери, көлік және мамандандырылған прокурорлардың жүргізуіне жатқызылған дауларды қоспағанда, бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде қатысуды қамтамасыз етеді.

Әскери прокурорлар өздерінің орналасқан жері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі аудандық, қалалық, мамандандырылған ауданаралық соттар, облыстық және оларға теңестірілген соттар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының уәкілетті лауазымды адамдары қозғаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді, оның ішінде аталған адамдарға немесе ұйымдарға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы қозғалған істерді қарау кезінде қатысуды және кейін қадағалауды қамтамасыз етеді.

Көлік прокурорлары өздерінің орналасқан жері бойынша көлік инфрақұрылымы субъектілеріне не теміржол, автомобиль (жолаушылардың, багаж бен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары бөлігінде), теңіз, ішкі су, әуе көлігі ұйымдарына, қалалық рельстік және магистральдық құбыр көлігі, ғарыш жүйесіне қатысты өкілеттіктерді іске асыруға байланысты көлік прокурорлары немесе уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) қозғаған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді бірінші және апелляциялық сатылардағы соттар қараған кезде қатысуды және олардың сот актілерінің заңдылығын зерделеуді қамтамасыз етеді.

Мамандандырылған табиғатты қорғау прокурорлары өздерінің орналасқан жері бойынша іс жүргізуі өз бастамаларымен қозғалған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді соттар қараған кезде қатысуды және кейін олардың сот актілерінің заңдылығын тексеруді қамтамасыз етеді.

Осы Нұсқаулықта мамандандырылған прокурорлардың жүргізуіне жатқызылған істерді сот іс жүргізуге қабылдаған жағдайда, соттардың орналасқан жеріндегі аумақтық прокурорлар әскери, көлік және мамандандырылған прокурорларға уақтылы және тиісті түрде хабарлауды қамтамасыз етеді.

Сонымен бір мезгілде әскери, көлік және мамандандырылған прокурорлар жергілікті соттың ресми сайты пайдалану арқылы барлық қарауға тағайындалған істердің мониторингісін жүзеге асырады.

Өзінің жүргізуіне жатқызылған істерді қарауға тағайындалған соттардың орналасқан жерінде әскери, көлік және мамандандырылған прокуратура болмаған немесе ол туралы әскери, көлік және мамандандырылған прокурорға хабарлама берілмеген жағдайда, соттарға қатысу және кейін сот актілерінің заңдылығын тексеру тиісті аумақтық прокурорға жүктеледі.

27. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарымен процестің барлық сатыларында танысу нәтижелерін қатысушы прокурор жоғары тұрған прокурорға немесе жетекшілік ететін орынбасарға алдын ала баяндайды. Қарау нәтижесі жоғары тұрған прокурорға баяндалады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс дереу қаралуы тиіс жағдайда, алдын ала баяндау талап етілмейді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қорытындылар прокурор келіскен апелляциялық сатыдағы соттың қаулылары бойынша жасалады. Басқа жағдайларда қорытынды жасалмайды.

Қорытындыда:

1) құқық бұзушының кінәсінің болуы немесе болмауы, оның әрекеттерінің дұрыс саралануы;

2) прокурор жоғарыда көрсетілген тұжырымдардың біріне келуіне негіз болған дәлелдемелер;

3) істің мән-жайларын және құқық бұзушының жеке басын ескере отырып, оған сол немесе өзге де жаза түрінің қолданылуы, не істі тоқтату қажеттілігі туралы;

- 4) қайта қарауға жататын сот актілерінің мазмұны, сот ұстанымдары;
- 5) қатысқан прокурорлар, олардың қорытындыларының қысқаша мазмұны;
- 6) шағымның (өтінішхаттың) дәлелдері;
- 7) шағымның (өтінішхаттың) негізділігі туралы тұжырымдар көрсетіледі.

Прокурорлар осы Нұсқаулықтың 25-тармағында аталған істер бойынша соттар жол берген материалдық және процестік құқық нормаларын бұзушылықтарға, сондай-ақ сот қарауына прокурордың қатысу-қатыспауына қарамастан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді тоқтатқан кезде (оның ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және Жоғарғы Соттың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін пайдалану арқылы) уақтылы ден қоюлары қажет.

Прокурор сот қарауына қатысу-қатыспауына қарамастан, әкімшілік қамаққа алу туралы қаулының заңдылығын ол келіп түскен кезден бастап бір тәулік ішінде тексереді және негізсіз сот актісін анықтаған кезде, оған наразылық келтіру шараларын қабылдайды.

Прокурорлар жартыжылдықтар бойынша осы Нұсқаулықтың 25-тармағының 6), 7), 8) және 9)-тармақшаларында көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы уәкілетті органдардың құқық қолдану практикасын тексереді не талдау жасайды. Атқарылған жұмыс туралы ақпарат Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына есепті кезең аяқталғаннан кейінгі 15-күніне қарай жіберіледі.

28. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді тексеру, қаулының және өзге де актілердің заңдылығын бағалау нәтижелері бойынша прокурор уәкілетті лауазымды адамдар мен органдарға (соттан басқа) қосымша тексеру жүргізу туралы жазбаша нұсқау беруге құқылы.

Прокурордың өз құзыреті шегінде берген нұсқауларын орындау міндетті.

29. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің материалдары бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар тарапынан заңдылықты бұзу анықталған кезде, прокурор сот алдында жеке қаулы шығару туралы өтініш жасайды және/немесе ол туралы жоғары тұрған прокурордың назарына жазбаша түрде баянатпен немесе электронды құжат нысанында дереу жеткізеді, ол мынадай:

- 1) баянатты СДТБТ-ға тіркеу туралы;
- 2) материалдарды АЕК-ге тіркеу туралы;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы;
- 4) тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы;
- 5) сотқа талап қоюды ұсыну туралы;

6) кінәлі адамдарды заңда белгіленген жауаптылыққа тарту және бұзушылықтарды жою мақсатында Конституциялық заңның 5-тарауында көзделген прокурорлық қадағалау және ден қоюдың өзге де актілерін енгізу туралы;

7) Бас прокурордың алдында Қазақстан Республикасының Конституциялық және (немесе) Жоғарғы сотына жүгіну туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Қажет болған жағдайда, прокурорлар шешім қабылдау үшін қосымша мәліметтер мен материалдарды талап етеді.

30. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілеріне апелляциялық өтінішхаттарды Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасары, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, аудандық көлік прокурорлары, аудан прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, сондай-ақ бірінші сатыдағы сотта істі қарауға қатысқан прокурор келтіреді.

Апелляциялық өтінішхат ӘҚБтК-нің 840-бабында көзделген сот қаулысының күшін жоюға немесе өзгертуге негіз бар болған жағдайда ғана келтіріледі.

31. Осы Нұсқаулықтың 24-тармағында көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілеріне берілген процеске қатысушылардың шағымдарын сот отырысына қызметкері қатысқан прокуратура қарайды.

Осы Нұсқаулықтың 25-тармағында көрсетілмеген істер бойынша сот актілеріне берілген шағымды прокурор арыз берушіге апелляциялық шағымды өз бетінше беруге құқығының бар екенін түсіндіре отырып қайтарады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша сот қаулысына апелляциялық өтінішхатты келтіру туралы мемлекеттік органның (лауазымды адамдардың) жолданымдары істің мәні бойынша іс материалдарын зерделей отырып қаралады.

Шағым қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда, арыз берушілердің жауаптарына прокуратураның басшысы не оны алмастыратын адам қол қояды.

32. Істерді апелляциялық тәртіппен қарау кезінде Бас әскери және көлік прокурорлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор осы Нұсқаулықтың 25-тармағында көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша тиісті прокурорлардың қатысуын қамтамасыз етеді.

33. Апелляциялық сатыдағы сотта қорытынды берген кезде прокурор істің мән-жайын, сондай-ақ сотта тыңдалған түсініктемелерді, ӘҚБтК-нің 838-бабының 2-бөлігінің тәртібімен сот қабылдаған қосымша дәлелдемелерді ескереді. Бұл ретте, прокурор өтінішхаттың дәлелдеріне тәуелді болмайды және заң талаптары мен қолда бар нақты деректерді негізге ала отырып әрекет етеді.

34. Сот апелляциялық өтінішхатты негізсіз қанағаттандырусыз қалдырған кезде, сондай-ақ материалдық және процесік құқық нормаларының елеулі бұзылуына жол берілгені анықталған кезде, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыс прокуроры

және оған теңестірілген прокурор Бас прокуратураға ӘҚБтК-нің 851-бабының 5-бөлігінің талаптарына жауап беретін кассациялық наразылық келтіру туралы ұсыну енгізеді.

Көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін ұсыну қараусыз қайтарылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актісіне кассациялық наразылық келтіру туралы ұсыну қаулы шығарылған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей енгізіледі. Бас прокуратураға ұсынуларды анағұрлым кешіктіріп енгізгенде, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, себептері түсіндіріледі.

Бас әскери және көлік прокурорларының, облыс прокурорының және оған теңестірілген прокурордың кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхаты және ұсынуы ол келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде, ал іс талап етіп алдырылған жағдайда, іс Бас прокуратураға келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қаралады.

35. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілеріне кассациялық наразылықты Бас Прокурор не оның орынбасары, оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың өтінішхаттары бойынша немесе өз бастамасы бойынша енгізеді.

36. Жеке және заңды тұлғалардың кассациялық наразылықты білдіру туралы өтінішхаттары мынадай жағдайларда, егер:

арыз беруші дәлелді себептерсіз соттың кассациялық сатысына осы акт бойынша өздігінен шағым жасау құқығын іске асырмаса;

ӘҚБтК-нің 851-бабының 5-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің қаулыларын кассациялық тәртіпте қайта қарауға негіздер болмаса;

өтінішхат ӘҚБтК-нің 848-бабының 8 және 9-бөліктерінде көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

өтінішхатты уәкілетті адам бермесе, онда қайтарылады.

37. Прокурорлар прокурорлардың қатысуымен қаралған істер бойынша сот актілерін және олар бойынша берілген қорытындыларды (бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылар бойынша бөлек) есепке алуды ұйымдастырады.

38. Кассациялық тәртіпте қаралатын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Жоғарғы Соттың сот алқасының отырысына қатысуды, сондай-ақ кассациялық наразылықтың дәлелдерін қолдауды Бас прокуратураның қызметкерлері қамтамасыз етеді.

4-тарау. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау

39. Прокурорлар мүліктік өндіріп алу және мүлікті мемлекет меншігіне айналдыру бөлігіндегі (қылмыстық айыппұлдар мен тәркілеуді қоспағанда) қылмыстық істер, азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, басқа да атқарушылық құжаттар бойынша атқарушылық іс жүргізу заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

Қадағалау мемлекет мүдделерін қозғайтын, еңбекақыны өндіріп алу, алименттерді және прокурорлардың талап қоюлары бойынша өндіріп алу туралы, сондай-ақ мемлекеттік сот орындаушылары мен әділет органдарының атқарушылық іс жүргізу шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласу фактілері бойынша талдау және тексеру арқылы қамтамасыз етіледі.

Осы тарауда көзделген жағдайларды ескере отырып, құзыреті мен ерекшелігіне сәйкес қадағалауды әскери, көлік және аумақтық прокурорлар мынадай тәртіппен қамтамасыз етеді:

аумақтық прокурорлар әскери және көлік прокурорларының құзыретіне жатқызылған атқарушылық құжаттардан басқа атқарушылық құжаттарды тиісті облыстың, астананың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың, ауданның аумағында орналасқан және (немесе) құжаттың орындалуын қамтамасыз ететін сот орындаушыларының орындауы кезінде қадағалауды жүзеге асырады;

әскери прокурорлар объектілерге, тұлғаларға қатысты, оның ішінде лауазымды адамдарға, қорғаныс, әскери қауіпсіздік, әскери мүлік, қару-жарақ пен оқ-дәрілер саласындағы органдар мен ұйымдарға, жауынгерлік әзірлікке, диверсияға қарсы және терроризмге қарсы қорғалуға, мемлекеттік шекараны күзетуге, әскери объектілерді, қорғаныс өнеркәсібі объектілерін (субъектілерін) салумен байланысты әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге қатысты атқарушылық құжаттардың орындалуын қадағалауды жүзеге асырады.

көлік прокурорлары теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық рельсті, магистральдық құбыр көлігі және ғарыш жүйесі саласындағы объектілерге, адамдарға, оның ішінде лауазымды адамдарға, органдар мен ұйымдарға қатысты атқарушылық құжаттардың орындалуын қадағалауды жүзеге асырады.

40. Прокурорлар сот орындаушыларының, әділет органдарының, жеке сот орындаушыларының республикалық және өңірлік палаталарының, сондай-ақ Бірыңғай электрондық сауда алаңы операторының қызметіндегі атқарушылық іс жүргізу заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

Қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде прокурорлар соттардың, нотариустардың және уәкілетті мемлекеттік органдардың жазып беру (оның ішінде атқарушылық жазбалар жасау және актілер шығару) және атқарушылық құжаттарды орындау кезінде заңдылықты сақтауын тексеруге құқылы.

Қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор атқарушылық іс жүргізу органдарынан (оның ішінде жеке сот орындаушыларынан және олардың республикалық және өңірлік палаталарынан), уәкілетті мемлекеттік органдардан, сондай-ақ өзге де органдар мен ұйымдардан атқарушылық іс жүргізу мәліметтерін, материалдарын талап етеді, түсіндірмелерін іріктейді, атқарушылық іс жүргізу органдарының және өзге де органдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына кіруге қол жеткізеді.

Тексеру, заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізу, сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды және Атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзге де жолданымдарды қарау кезінде прокурорлар Конституциялық заңның 18, 19, 20 және 24-баптарын басшылыққа алуға тиіс.

41. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында прокурор қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде өз қаулысымен заңнамаға сәйкес келмейтін сот орындаушылары актілерінің күшін жоюға құқылы.

Осы Нұсқаулықтың 39-тармағының екінші абзацында көрсетілген атқарушылық іс жүргізу бойынша прокурор сот орындаушыларына атқарушылық іс-әрекеттер жасау, белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салу туралы нұсқаулар беруге құқылы. Прокурордың өзінің құзыреті шегінде берілген нұсқауларын сот орындаушылары орындауға міндетті.

42. Егер сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізу жөніндегі әрекеттері (әрекетсіздігі):

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін болса;

2) халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың жұмыс істеуіне кедергі келтірсе, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес прокурор атқарушылық құжатты сот орындаушысының іс жүргізуінен алып қоюға және оны басқа сот орындаушысына тапсыру үшін, тиісті әділет органына не аумақ бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына беруге құқылы.

43. Заңда белгіленген жағдайларда прокурор сот орындаушысының қаулысына санкция береді. Қаулыны санкциялау үшін сот орындаушысы атқарушылық әрекеттер жасалған жердегі прокурорға жібереді. Атқарушылық әрекеттерді жасауға санкция беру және беруден бас тарту тәртібі АПК-де реттеледі.

Әскери және көлік прокурорлары немесе олардың орынбасарлары, сондай-ақ оларды алмастыратын адамдар өздері қадағалайтын атқарушылық іс жүргізу бойынша атқарушылық құжаттарды ұсынған жері бойынша санкция береді. Атқарушылық құжаттар ұсынылған жерде мамандандырылған прокуратуралар болмаған жағдайда, санкцияны тиісті аумақтық прокурор не оның орынбасары береді.

Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың және оларға теңестірілген прокурорлар ай сайын төмен тұрған прокурорлардың санкциялар беруі мен беруден бас тартуының уақтылығы мен негізділігін тексереді.

Жоғары тұрған прокурор төмен тұрған прокурордың санкция беруден бас тарту, атқарушылық құжатты алып қою және беру туралы, сот орындаушыларының актілерінің күшін жою туралы қаулыларының және прокурорлық қадағалау мен ден қою актілерінің күшін жоюға, кері қайтарып алуға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

44. Төмен тұрған прокурордың актілерін жою, кері қайтарып алу, тоқтата тұру немесе өзгерту туралы шешімді Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасары, Бас прокуратураның дербес құрылымдық бөлімшесінің басшысы және оның орынбасарлары, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары не олардың міндеттерін атқаратын адамдар қабылдайды.

Прокурордың атқарушылық құжатты алып қою және беру туралы, сот орындаушысының қаулысына санкция беруден бас тарту туралы, сот орындаушысының актілерінің күшін жою туралы қаулыларына және атқарушылық әрекеттер жасау туралы, белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салу туралы нұсқауларына ӘРПК-де көздеген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Әкімшілік істі қарауға қатысуды, процестегі жарыпалылықты қамтамасыз ету және сот актілеріне шағымдану осы Нұсқаулықтың 10-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

45. Осы Нұсқаулықтың 39-тармағының екінші абзацында көрсетілген атқарушылық құжаттар бойынша қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурорлар міндетті түрде:

1) атқарушылық құжаттарды жазып беру және орындауға келтіру (оның ішінде жалғандық белгілерінің болуына) кезінде;

2) орындауды қамтамасыз ету шараларын қабылдау, тоқтата тұру және күшін жою;

3) мүлікке және кірістерге өндіріп алу қолданылған;

4) мүлікті бағалау;

5) мүлікті өткізу бойынша сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу;

6) өндіріп алынған сомаларды бөлу және аудару;

7) атқарушылық санкцияны өндіріп алу, қызметке ақы төлеуді және орындау жөніндегі шығыстарды ұстап қалу;

8) сот орындаушыларының атқарушылық құжаттар бойынша шешімдер қабылдауы (қозғаудан бас тарту, қайтару, тоқтата тұру және тоқтату);

9) сот орындаушыларының өзге де атқарушылық әрекеттер жасауы кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді және талдайды.

46. Қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурорлар тұрақты негізде мыналарды:

1) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілерінің болуын, кінәлі адамдарды жауапқа тарту жөнінде шаралар қабылдануын;

2) борышкерлерді қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тарту бойынша сот орындаушылары мен қылмыстық қудалау органдары жұмысының заңдылығын, тиімділігін сақтауды;

3) атқарушылық іс жүргізу органдарының уәкілетті мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасаудың жай-күйін;

4) атқарушылық құжаттарды орындау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, жеке сот орындаушыларының республикалық және өңірлік палаталары қабылдайтын

бақылау-үйлестіру, ұйымдастыру, тәртіптік және өзге де шаралардың толықтығын, уақтылығын және тиімділігін;

5) уәкілетті мемлекеттік органдардың сот орындаушыларының өз құзыреті шегінде шығарылған актілерін уақтылы және толық қарауы мен орындауын;

6) атқарушылық іс жүргізу органдарының, уәкілетті мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың жұмысын ұйымдастырудағы жүйелік кемшіліктер мен проблемалық мәселелерді, заңнаманың жетілдірілмеуін;

7) цифрландырудың жай-күйін, атқарушылық құжаттарды орындау процесінде проблемалар туғызатын ақпараттық жүйелер кемшіліктерін тексереді, талдайды және баға береді.

47. Атқарушылық құжаттардың санаттарына қарамастан, прокурорлар жанжалды жағдайлардың, әлеуметтік шиеленістің, қоғамдық резонанстың және атқарушылық әрекеттер жасау кезінде жаппай наразылықтың туындау алғышарттары мен тәуекелдері бар атқарушылық іс жүргізулерге мониторингті тұрақты негізде жүзеге асырады. Осындай атқарушылық іс жүргізулерді есепке алу мен бақылауды жүргізеді және олар бойынша ерте алдын алу шараларын қабылдау, заңдылықтың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету және жоғары тұрған прокуратураны ақпараттандыру қажет.

48. Атқарушылық іс жүргізу органдарының, уәкілетті мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың жұмысында анықталған заңдылықты бұзушылықтар мен жүйелік кемшіліктер бойынша прокурор оларды жоюға және одан әрі жол бермеуге бағытталған прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізеді.

Прокурорлық қадағалау және ден қою актілерінде заңнама нормаларына міндетті түрде сілтеме жасай отырып, бұзушылықтардың құқықтық мәні баяндалады, заң мен нормативтік құқықтық актілерді бұзудың теріс салдары, оған ықпал еткен себептер мен жағдайлар көрсетіледі, оларды жою, адамдардың, қоғам мен мемлекеттің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, келтірілген залалды өтеу және кінәлі адамдардың жауаптылығы туралы мәселе қойылады.

49. Ерікті түрде дербес орындау келешегі бар немесе прокурордың араласуынсыз орындалған (оның ішінде ішінара) атқарушылық іс жүргізу бойынша заңдылықты елеусіз бұзушылықтар бойынша қадағалау мен ден қоюдың формалды актілерін енгізуге жол берілмейді.

Қадағалау және ден қою актілеріне қол қойған прокурор олардың тиісінше қаралуын, орындалуын, заңдылықты бұзушылықтардың іс жүзінде жойылуын бақылауды қамтамасыз етеді.

50. Орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының, жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының атына прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін бас әскери және көлік прокурорлары, облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор Бас прокуратура арқылы енгізеді.

51. Қадағалау және ден қою актісін енгізген прокурор ведомстволық статистикалық есептерде оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтердің дұрыстығын және толық көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Прокурор атқарушылық құжаттарды/сомаларды статистикалық есепке прокурорлық қадағалау және ден қою актісі анықталған заңдылықты бұзушылықтарды жоюға және соның салдарынан атқарушылық құжатты орындауға нақты ықпал еткен жағдайларда ғана орындалған/өндіріп алынған ретінде енгізе алады.

52. Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың және оларға теңестірілген прокурорлар осы Нұсқаулықтың 48, 49 және 51-тармақтарының талаптарын сақтау тұрғысынан төмен тұрған прокурорлардың қадағалау және ден қою актілерін ай сайын зерделейді.

53. Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар қадағалаудағы өңірдегі заңдылықтың жай-күйі туралы ақпаратты Бас прокуратураға жарты жылдан кейінгі келесі айдың 10-күніне дейін ұсынады.

5-тарау. Қадағалау қызметін ұйымдастыру туралы ережелер

45. Апелляциялық сатының осы Нұсқаулықтың 6 және 25-тармақтарында көзделген істер бойынша прокурордың өтінішхаттарын қабылдамау, қайтару туралы тараптардың шағымы бойынша сот шешімінің (қаулысының) күшін жою туралы қаулылары сот актілері мен апелляциялық өтінішхаттарды қоса бере отырып, түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Бас прокуратураға жіберіледі.

Осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көзделген істер бойынша прокурордың өтінішхаттарын қабылдамау, қайтару туралы тараптардың шағымы бойынша сот шешімінің күшін жою туралы апелляциялық сатының қаулысы сот актілері мен өтінішхаттарды қоса бере отырып, заңды күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Бас прокуратураға жіберіледі.

Жоғары тұрған прокурор сот актісі келіп түскен сәттен бастап он жұмыс күні ішінде оны тексереді және АПК-нің 427-бабында және ӘҚБтК-нің 840-бабында көзделген негіздер болған кезде бұзушылықтар тізіліміне енгізу туралы шешім қабылдайды.

Қажет болған жағдайда бұзушылықтар тізіліміне енгізу туралы шешім азаматтық және әкімшілік істердің, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің материалдарын зерделеу не кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша қабылданады.

46. Прокурорлық қадағалау тиімділігін арттыру мақсатында Бас прокуратурада, әскери және көлік прокуратураларында, облыстардың прокуратураларында және оларға

теңестірілген прокуратураларда заңдылықтың жай-күйін болжау, төмен тұрған прокуратуралардың қызметін және прокурорлық практикасын талдау үшін жұмыс аймақтық-тақырыптық қағидат бойынша ұйымдастырылады.

Тақырыптық қағидат бойынша жұмыс прокурорға жекелеген құқықтық қатынастардың (тақырып бағыттары) саласын бекіту арқылы жүзеге асырылады. Бекітілген құқықтық қатынастар салалары бойынша прокурор заңдылықтың жай-күйіне, прокурорлық қадағалауға жүйелі түрде талдау жүргізеді, осы саладағы қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, қадағалау қызметінің нысандарын, әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

Тақырыптық бағыттар қадағалауға алынған өңірдегі заңдылықтың жай-күйінен және ерекшеліктері, қандай да бір азаматтық-құқықтық даулардың таралуы негізінде айқындалады.

Аймақтық қағидат прокурорға нақты өңірді (облысты, қаланы, ауданды) бекіту арқылы заңдылықтың жай-күйін тұрақты талдау және осы өңірдегі прокуратура органдарының қызметіне мониторинг жүргізу, олардың қадағалау және ден қою актілерін тексеру мақсатында жүзеге асырылады.

Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар тексерістер жүргізу, заңдылықтың жай-күйін талдау, өтініштерді ақпарат алмасу арқылы қарау, жекелеген тапсырмаларды орындау, прокуратуралардың қызметкерлері мен мамандарын бөлу кезінде республика өңірлерінің прокурорларымен тікелей және жедел өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№ 32 бұйрыққа
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір күші жойылған бұйрықтарының тізбесі

1. "Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 60 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 16894 болып тіркелген);

2. "Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 60 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 12 мамырдағы № 62 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 20655 болып тіркелген);

3. "Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 60

бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2021 жылғы 12 шілдедегі № 102 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 23523 болып тіркелген);

4. "Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 60 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2021 жылғы 26 қазандағы № 139 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 24944 болып тіркелген)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№32 бұйрығына
5 қосымша

Прокурормен инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап қоюларды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуға шағым жасау қағидалары

Ескерту.Бұйрық 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 18.03.2025 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 9-бабының 23) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 153-бабының 1-2-тармағына және 276-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 8-бабының 7-бөлігіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 759-бабының 5-бөлігіне және 802-бабының 3-1-бөлігіне сәйкес әзірленді және прокурормен инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап қоюларды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуға шағым жасау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – ӘІБТ) – әкімшілік құқық бұзушылықтар, оларды жасаған адамдар, олар бойынша қабылданған шешімдер туралы енгізілетін мәліметтер қамтылатын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық істерін электрондық нысанда жүргізу жүзеге асырылатын ақпараттық жүйе;

2) инвесторлар тізілімі - инвесторлар, инвестициялардың сомалары, инвестициялық жобалардың түрлері, оларды іске асыру кезеңдері туралы мәліметтерді және Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялық қызмет туралы басқа да мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор;

3) прокуратура органдарының ақпараттық жүйелері – прокурорлық сүзгі жүзеге асырылатын ТСОБТ, ӘІБТ және прокуратура органдарының өзге де ақпараттандыру объектілері;

4) прокурорлық сүзгі - прокурормен инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап қоюларды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу процесі;

5) тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – ТСОБТ) – тіркеу және есепке алу субъектісі енгізетін мемлекеттік бақылау нысандары туралы мәліметтер қамтылатын, сондай-ақ электрондық форматта олардың тіркелуі жүзеге асырылатын ақпараттық жүйе;

6) ұлттық цифрлық инвестициялық платформа (бұдан әрі – ҰЦИП) – инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган құруды, басқаруды және техникалық қолдауды жүзеге асыратын инвестициялық жобаларды кешенді сүйемелдеудің бірыңғай ақпараттық жүйесі.

3. Прокурорлық сүзгіні ТСОБТ және ӘІБТ-ны пайдалана отырып іске асыру кезінде қажетті ақпараттандыру объектілерін және олардың процестерін құру, дамыту, енгізу, сүйемелдеу, автоматтандыру және интеграциялау мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы прокуратура органдарының ведомствосына жүктеледі.

Прокурорлық сүзгіні осы Қағидаларда көрсетілмеген прокуратура органдарының өзге де ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып іске асыру кезінде қажетті ақпараттандыру объектілерін және олардың процестерін құру, дамыту, енгізу, сүйемелдеу, автоматтандыру және интеграциялау Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына жүктеледі.

4. Прокурорлық сүзгіні ҰЦИП-ті пайдалана отырып іске асыру кезінде қажетті ақпараттандыру объектілерін және олардың процестерін құру, басқару және техникалық сүйемелдеу Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 282-3-бабының 3 және 5-бөліктеріне сәйкес инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

5. Прокурорлық сүзгінің электрондық форматы енгізілгенге дейін мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың шешімдерін прокуратура органдарында қабылдау және тіркеу, прокурормен келісу не келісуден бас тарту Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығымен бекітілген (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33339 болып тіркелген) Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Келіп түскен материалдарды прокуратура органы басшысына қол қоюға (бұрыштама қоюға) беру оларды прокуратура органының жауапты лауазымды адамына бір мезгілде қайталап бере отырып жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік органдарда, жергілікті атқарушы органдарда, олардың лауазымды адамдары және оларға теңестірілген адамдарда электрондық құжат айналымы жүйесіне қолжетімділік болмаған жағдайда, сондай-ақ ақпараттық жүйелерге рұқсат етілген (ең жоғары) көлемнен асатын файлдарды салу мүмкін болмаған кезде материалдар прокурорға қағаз және (немесе) өзге де электрондық жеткізгіштерде осы Қағидаларда ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып ұсынылатын материалдар үшін белгіленген тәртіп пен мерзімдерде ұсынылады.

7. Прокуратура органдарында "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың шешімдерін қабылдау және тіркеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

8. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап қоюларды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу не келісуден бас тарту Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, әскери және көлік прокуратуралары органдарының, облыстардың және оларға теңестірілген прокуратуралардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) бірінші басшыларының актілерімен прокуратура органының нақты бір лауазымды адамына немесе бірнеше адамға (қажет болған жағдайда сенімхат бойынша электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып қол қою құқығын бере отырып) жүктеледі.

9. Осы Қағидаларға сәйкес прокуратураның тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау, тексеру жүргізу, сотқа талап қоюға бастамашылық жасау мәселелері жөніндегі актілері прокурормен келісуге жатпайды.

2-тарау. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды прокурормен келісу тәртібі

10. Мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың инвесторлар тізіліміне

енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану туралы мынадай мәселелер жөніндегі актілері, шешімдері, әрекеттері прокурормен келісуге жатады:

1) субъектінің (объектінің не оның жекелеген учаскесінің) қызметін, әрекетті, процесті тоқтата тұру;

2) рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұру, одан айыру (кері қайтарып алу);

3) рұқсатты беруден не оның қолданылу мерзімін ұзартудан бас тарту;

4) мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, квазимемлекеттік сектор ұйымының бұрын инвестордың пайдасына шығарылған шешімінің күшін жою (кері қайтарып алу);

5) мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның келісімшартты не келісімді біржақты тәртіппен бұзуы.

11. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану туралы мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың актілері, шешімдері, әрекеттері, сондай-ақ барлық растайтын материалдар ҰЦИП-ті пайдалана отырып прокурорға мұндай шараларды қолдануға негіз болып табылатын мән-жайлар анықталған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық нысанда жіберіледі.

12. Мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану туралы актілерін, шешімдерін, әрекеттерін прокурормен келісу не келісуден бас тарту олар түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде ҰЦИП-ті немесе прокуратура органдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып электрондық форматта жүзеге асырылады.

13. Қосымша материалдарды талап ету не зерделеу, уәкілетті лауазымды адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың не инвестордың түсіндірмелерін алу қажет болған кезде прокурор мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар қолдану туралы актілерін, шешімдерін, әрекеттерін олар түскен кезден бастап он жұмыс күні ішінде келіседі не келісуден бас тартады.

14. Осы Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар субъектінің (объектінің не оның жекелеген учаскесінің) қызметін, әрекетін, процесін тоқтата тұрумен байланысты болған жағдайда прокурор мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың актілерін, шешімдерін,

әрекеттерін олар түскен кезден бастап қырық сегіз сағат ішінде келіседі не келісуден бас тартады.

Эпидемияның, карантиндік объектілер және аса қауіпті зиянды организмдер ошақтарының, инфекциялық, паразиттік аурулардың, уланулардың, радиациялық авариялардың таралу қаупі төнген жағдайда, сондай-ақ төтенше жағдай немесе төтенше ахуал кезінде прокурор мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың субъектінің (объектінің не оның жекелеген учаскесінің) қызметін, әрекетін, процесін тоқтата тұруға байланысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану туралы актілерін, шешімдерін, әрекеттерін олар түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде келіседі не келісуден бас тартады.

Жұмыс уақытынан тыс, демалыс және мереке күндері мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың осы тармақта көрсетілген тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану туралы материалдарын прокуратураның жедел кезекшісі қабылдайды.

Прокуратураның жедел кезекшісі осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды келісу не келісуден бас тарту жүктелген прокурорды дереу хабардар етеді.

15. Мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың жұмыс уақытынан тыс , демалыс және мереке күндері инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар қолдану туралы актілері, шешімдері, әрекеттері түскен кезде келісу немесе келісуден бас тарту процесі осы Қағидалардың 14-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда келесі жұмыс күні басталады.

16. Мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану туралы актілерін, шешімдерін, әрекеттерін келісу не келісуден бас тарту кезінде прокурор мынадай:

тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолданудың заңдылығы мен негізділігі;

тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың экономикалық орындылығы (кәсіпорын жабылған, оның қызметі тоқтатылған жағдайда мемлекетке келтірілген залалды және елдің (өңірдің) экономикасы үшін болашақта келтірілетін шығындарды, сондай-ақ елдің (өңірдің) экономикасы үшін де, инвестор үшін де басқа салдарларды салыстыру);

инвестордың қызметінен не инвестициялық жобаны іске асырудан халықтың өмірі мен денсаулығы үшін жағымсыз салдарлар тәуекелдерінің болуы/болмауы;

анықталған заңдылықты бұзушылық бойынша инвесторға әсер етудің баламалы шараларының болуы/болмауы;

тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолданбай инвестордың заңдылықты бұзушылықтарды жою мүмкіндігінің болуы/болмауы мән-жайларын ескереді.

17. Тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды келісу не келісуден бас тарту нәтижелері бойынша мемлекеттік органға және жергілікті атқарушы органға, олардың лауазымды адамдарына және оларға теңестірілген адамдарға электрондық форматта бар болған жағдайда бас тарту себептері көрсетілген прокурордың жауабы жіберіледі.

Мемлекеттік органдарда, жергілікті атқарушы органдарда, олардың лауазымды адамдарында және оларға теңестірілген адамдарда электрондық құжат айналымы жүйесіне қолжетімділік болмаған жағдайда прокурордың тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды келісу не келісуден бас тартуы туралы жауабы қағаз жеткізгіште жіберіледі.

18. Прокурордың тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды келісуден бас тартуы мынадай:

1) құжаттардың, растайтын материалдардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау;

2) құжаттардың, растайтын материалдардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келмеуі;

3) тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолданудың негізділігін растайтын материалдарды ұсынбау не олардың болмауы;

4) тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдануға байланысты мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың актілері, шешімдері, әрекеттері сот талқылауының мәні болып табылатын жағдайларда;

5) тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдануға байланысты мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың актілері, шешімдері, әрекеттері сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мәні болып табылатын жағдайларда;

6) инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану үшін құқықтық негіздердің болмауы;

7) инвесторға қатысты баламалы әсер ету шараларының болуы не тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолданбай бұзушылықтарды жою мүмкіндігінің болуы (инвестордың қызметінен не инвестициялық жобаны іске асыру кезінде халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп болмаса);

8) тыйым салу-шектеу шаралары салдары ауырлығының инвестор жол берген бұзушылықтарға сәйкес келмеуі не олардың маңызды болмауы;

9) өңір не ел үшін тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар қолданудың экономикалық тиімсіздігі (инвестордың қызметінен не инвестициялық жобаны іске асыру кезінде халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп болмаса) негіздері бойынша шығарылады.

19. Прокурормен келісу қорытындылары бойынша қабылданған шешім туралы мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар, олардың лауазымды адамдары және оларға теңестірілген адамдар прокурордың жауабы түскен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторды хабардар етеді.

Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген жағдайларда прокурормен келісу қорытындылары бойынша қабылданған шешім туралы мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар, олардың лауазымды адамдары және оларға теңестірілген адамдар инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторды дереу хабардар етеді.

20. Мемлекеттік орган, жергілікті атқарушы орган, олардың лауазымды адамдары және оларға теңестірілген адамдар келісуден бас тарту себептерін жойған жағдайда прокуратура органдарына қайта жүгінуге жол беріледі.

21. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды келісудің не келісуден бас тартудың электрондық нысанында электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған мынадай:

1) күні, прокуратура органының атауы, прокурордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы;

2) тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар қолдануға бастамашылық жасаған мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың атауы;

3) инвестордың атауы;

4) тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар санаты;

5) "келісілді" не "келісуден бас тартылды" деген өтінімнің мәртебесі;

6) осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды келісуден бас тартудың негізі туралы деректер көрсетіледі.

3-тарау. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдардың тексеру жүргізу туралы шешімдерін прокурормен келісу тәртібі

22. Мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тексеру жүргізу туралы шешімдері (актілері,

қаулылары, бұйрықтары, ұйғарымдары және шешімдердің өзге де түрлері) прокурормен келісуге жатады (бұдан әрі - тексеру туралы шешім).

23. Осы Қағидалардағы тексерулер деп мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар, олардың лауазымды адамдары және оларға теңестірілген адамдары инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторлардың қызметінде жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың барлық түрлері мен нысандары түсініледі.

24. Тексеру туралы шешімді және барлық қажетті растайтын материалдарды мемлекеттік орган және жергілікті атқарушы орган, олардың лауазымды адамдары және оларға теңестірілген адамдар оны шығарған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде ТСОБТ-ты пайдалана отырып, электрондық нысанда прокурорға жібереді.

25. Келісуді мемлекеттік орган және жергілікті атқарушы орган, олардың лауазымды адамдары және оларға теңестірілген адамдар тексеру жүргізілгенге дейін және оны Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің аумақтық органдарында (бұдан әрі – ҚСЖАЕК органдары) тіркегенге дейін жүзеге асырады.

26. Прокурор тексеру туралы шешімді мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың материалдары прокурорға келіп түскен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде (жұмыс уақытын ескере отырып) прокуратура органдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып электрондық нысанда келіседі не келісуден бас тартады.

27. Қосымша материалдарды талап ету және зерделеу, уәкілетті лауазымды адамның не инвестордың түсініктемелерін алу қажет болған жағдайда прокурор тексеру туралы шешімді ол келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде келіседі.

28. Эпидемияның, карантиндік объектілер және аса қауіпті зиянды организмдер ошақтарының, инфекциялық, паразиттік аурулардың, уланулардың, радиациялық авариялардың таралу қаупі төнген жағдайда, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде прокурор ол туралы хабарлама келіп түскен сәттен бастап тексеру туралы шешімді жиырма төрт сағат ішінде келіседі не келісуден бас тартады.

Жұмыс уақытынан тыс, демалыс және мереке күндері осы тармақта көрсетілген тексерулер туралы шешімдерді қабылдауды прокуратураның жедел кезекшісі жүзеге асырады.

Прокуратураның жедел кезекшісі осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тексеру туралы шешімді келісу не келісуден бас тарту жүктелген прокурорды дереу хабардар етеді.

29. Прокурор тексеру туралы шешімді келіскен жағдайда бұл шешім және барлық қажетті растайтын материалдар "Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеудің, оларды тіркеуден бас тартудың және күшін жоюдың, бақылау мен қадағалау субъектісіне (

объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, мерзімдерін ұзарту туралы хабарламалардың, қатысушылар құрамын өзгертудің және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №162 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21964 болып тіркелген) көзделген тәртіппен тексеру актіні одан әрі тіркеу үшін ҚСЖАЕК органының лауазымды адамына келіп түседі.

30. Тексеру туралы шешім ҚСЖАЕК органдарында тіркеуді талап етпеген және (немесе) хабарлама сипатында болған жағдайда, прокурордың келісу не келісуден бас тарту туралы жауабы материалдарды ҚСЖАЕК-нің лауазымды адамдарына әрі қарай жібермей, мемлекеттік органға және жергілікті атқарушы органға, олардың лауазымды адамдарына және оларға теңестірілген адамдарға ТСОБТ-ға келіп түседі.

31. Прокурор тексеру туралы шешімді келісуден бас тартқан жағдайда прокурордың жауабы мемлекеттік органға және жергілікті атқарушы органға, олардың лауазымды адамдарына және оларға теңестірілген адамдарға бас тарту себептерін көрсете отырып электронды нысанда жіберіледі.

Прокурор келісуден бас тартқан тексеру туралы шешімдер ҚСЖАЕК органдарында тіркелуге жатпайды.

32. Мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдарда, олардың лауазымды адамдары және оларға теңестірілген адамдарда ТСОБТ жүйесіне не электрондық құжат айналымы жүйесіне қолжетімділік болмаған жағдайда, прокурордың тексеру туралы шешімді келісу не келісуден бас тарту туралы жауабы қағаз жеткізгіште ұсынылады.

33. Тексеру туралы шешімді келісу не келісуден бас тарту кезінде прокурор мынадай:

1) тексерудің заңдылығы мен негізділігі;

2) тексеру жүргізудің экономикалық орындылығы (тексеру қорытындылары бойынша кәсіпорынның жабылу, оның қызметін тоқтата тұру тәуекелі жағдайында мемлекетке келтірілген залалды және елдің (өңірдің) экономикасы үшін болашақ шығындарды, сондай-ақ елдің (өңірдің) экономикасы үшін де, инвестор үшін де басқа да салдарларды салыстыру);

3) инвестордың қызметінен не инвестициялық жобаны іске асырудан халықтың өмірі мен денсаулығы үшін жағымсыз салдарлар тәуекелдерінің болуы/ болмауы;

4) инвесторға әсер етудің баламалы шараларының болуы/болмауы;

5) тексеру жүргізбестен инвестордың заңдылықты бұзушылықтарды жою мүмкіндігінің болуы/болмауы;

6) мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар тарапынан тексеруге дейін жүргізілген профилактикалық шаралардың толықтығы мен уақтылығы мән-жайларын ескереді.

34. Прокурордың тексеру туралы шешімді келісуден бас тартуы мынадай:

1) құжаттардың, растайтын материалдардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау;

2) құжаттардың, растайтын материалдардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келмеуі;

3) тағайындалатын тексерудің заңдылығына объективті баға беруге мүмкіндік бермейтін ұсынылған құжаттардың (оның ішінде тексеруді тағайындау үшін негіз болған) толық болмауы;

4) мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың тексеру туралы шешімдері сот талқылауының мәні болып табылатын жағдайларда;

5) мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың тексеру туралы шешімдері сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мәні болып табылатын жағдайларда;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тексеруді тағайындау үшін құқықтық негіздердің болмауы;

7) инвесторға қатысты баламалы әсер ету шараларының не тексеру жүргізбей бұзушылықтарды жою мүмкіндігінің болуы;

8) тексеру қорытындылары бойынша болжанатын салдарлар ауырлығының инвестор жол берген бұзушылықтарға сәйкес келмеуі не олардың маңызды болмауы;

9) тексеру жүргізудің өңір не ел үшін экономикалық тиімсіздігі (инвестордың қызметінен және инвестициялық жобаны іске асыру кезінде халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп болмаса) негіздері бойынша шығарылады.

35. Тексеру туралы шешімді келісудің не келісуден бас тартудың электрондық нысанында электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған мынадай:

1) прокуратура органының атауы, күні, прокурордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы;

2) тексеру туралы шешім шығарған мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың атауы;

3) инвестордың атауы;

4) өтінімнің "келісілді" не "келісуден бас тартылды" деген мәртебесі;

5) осы Қағидалардың 34-тармағына сәйкес тексеру туралы шешімді келісуден бас тартудың негізі туралы деректер көрсетіледі.

4-тарау. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мемлекеттік органдардың талап қоюларын прокурормен келісу тәртібі

36. Мемлекеттік органдардың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты талап қоюлары прокурормен келісуге жатады.

АПК-нің 8-бабының 7-бөлігіне сәйкес дауды сотқа дейінгі реттеудің бұл тәртібі мемлекеттік органның инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын талап қоюмен сотқа жүгіну құқығын іске асыру үшін міндетті болып табылады және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

37. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюды қамтамасыз ету туралы арыздары, сондай-ақ ерекше іс жүргізу тәртібімен сот қарайтын істер бойынша арыздар прокурормен келісілуге жатпайды.

38. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюлары заңнамада белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі өткенге дейін кемінде бір ай бұрын прокурорға электрондық нысанда ҰЦИП-ті пайдалана отырып келісуге жіберіледі.

39. Облыстық және аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік органдардың талап қоюлары аумақтылығы бойынша әскери және көлік прокуратура органдарына, облыстардың прокуратураларына және оларға теңестірілген прокуратураларға (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың), аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратураларға жіберіледі.

Мұндай талап қоюларды келісуді немесе келісуден бас тартуды кәсіпкерлік және инвестицияларды қолдау саласындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура органдарының қызметкерлері жүзеге асырады.

40. Орталық мемлекеттік органдардың талап қоюлары Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына келісуге жіберіледі.

Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларын келісуді не келісуден бас тартуды кәсіпкерлік және инвестицияларды қолдау саласындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

41. Прокурорға жіберілетін арыздар АПК-нің 136, 148-баптарының ережелеріне сәйкес келуі және мыналарды:

1) жеке және заңды тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің не мемлекеттік органның құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу немесе бұзу қаупінің мәні;

2) талап қою талаптарының негіздемелері, сондай-ақ осы талаптарды растайтын дәлелдемелердің мазмұны;

3) қолданылатын заңдарға сілтемелерді қамтуы тиіс.

42. Сотқа мыналар:

1) мемлекеттік орган инвесторға өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар;

2) инвестор мен уәкілетті мемлекеттік орган арасында жасалған инвестициялық келісімшарттың көшірмелері;

3) инвестордың инвестициялық қызметін растайтын құжаттар;

4) инвестордың ел (өңір) экономикасына қосқан үлесі туралы мәліметтер мен құжаттар, сондай-ақ елдің (өңірдің) аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезеңіндегі салық аударымдары бойынша деректер қоса беріледі.

Прокурордың талабы бойынша талап қоюға растайтын қосымша мәліметтер мен материалдар қоса беріледі.

43. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларын зерделеу нәтижелері бойынша прокурор оларды алған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде оларды келіседі не келісуден бас тартады.

44. Қосымша материалдарды талап ету не зерделеу, мемлекеттік органның не инвестордың ұстанымын тыңдау қажет болған кезде прокурор инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларын олар келіп түскен кезден бастап он жұмыс күні ішінде келіседі не келісуден бас тартады.

45. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюлары жұмыс уақытынан тыс, демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде оларды қабылдау және тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

46. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларын қарау нәтижелері бойынша прокурор оны келіседі не келісуден бас тартады.

47. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларын келісу не келісуден бас тарту кезінде прокурор мынадай:

1) талап қою талаптарының заңдылығы мен негізділігі;

2) даулы құқықтық қатынастардың туындау себептері;

3) инвестор үшін инвестициялық жобаларды іске асыруға, міндеттемелерді орындауға теріс әсер ететін салдарлар немесе мемлекетке, инвестициялық тартымдылыққа және ел экономикасына нұқсан келтіру қаупі;

4) инвестордың қызметінен адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекетке зиян келтіру қаупінің болу мән-жайларын ескереді.

48. Прокурордың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларын келісуден бас тартуы мынадай:

1) инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларының осы Қағидалардың 41 және 42-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеуі;

2) заңнамада белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі өткеннен кейін талап қою арызын жіберу;

3) талап қою үшін құқықтық негіздердің болмауы;

4) құжаттардың, растайтын материалдардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау;

5) инвестордың мемлекеттік органның сотқа талап қоюмен жүгінбей-ақ бұзушылықтарды жою мүмкіндігінің болуы;

6) соттың заңды күшіне енген шешімінің немесе соттың АПК-да көзделген негіздер бойынша іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарымының, сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған шешімінің болуы;

7) "Астана" халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) сотының, төреліктің сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және негіздер бойынша шығарылған шешімінің болуы;

8) сол тараптар арасында, сол мәселе және сол негіздер бойынша жасалған атқарушылық жазбаның болуы;

9) инвестор үшін ол жіберген бұзушылықтардың мемлекеттік орган қойған талаптар салдарының ауырлығына сәйкес келмеуі негіздері бойынша шығарылады.

49. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларын келісуді не келісуден бас тартуды прокурор ҰЦИП немесе прокуратура органдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, электрондық нысанда жүзеге асырады.

50. Мемлекеттік органдарда электрондық құжат айналымы жүйесіне қолжетімділік болмаған жағдайда, инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларын келісу не келісуден бас тарту қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

51. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларын келісудің не келісуден бас тартудың электрондық нысанында электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған мынадай:

1) прокуратура органының атауы, күні, прокурордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы;

2) талап қоюға бастамашылық жасаған мемлекеттік органның атауы;

3) инвестордың атауы;

4) өтінімнің "келісілді" не "келісуден бас тартылды" деген мәртебесі;

5) осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың талап қоюларын келісуден бас тарту негіздемесі туралы деректер көрсетіледі.

5-тарау. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді прокурормен келісу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуға шағым жасау тәртібі

52. Мемлекеттік органдардың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімдері прокурормен келісуге жатады.

53. Уәкілетті лауазымды адамдардың мынадай шешімдері прокурормен келісуге жатпайды:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалғанға дейін, іс бойынша іс жүргізу кезеңінде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны орындау сатысында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы;

2) әкімшілік құқық бұзушылық сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және автоматты режимде жұмыс істейтін аспаптармен тіркелген жағдайда айыппұл төлеу қажеттілігі жөніндегі нұсқамалар.

54. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімдерді келісу не прокурордың келісуден бас тартуы ӘҚБтК-нің 759-бабында және осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен электрондық нысанда жүзеге асырылады.

55. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешім қабылдауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) мұндай шешімді прокурорға оған қол қойылғанға дейін ӘІБТ-ны пайдалана отырып жібереді.

Мұндай шешімдерге әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы хаттамалардың, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамалардың, хабарламалардың (хабархаттардың) жобалары және инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімдердің өзге де жобалары жатады.

56. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін негіздердің болуын растайтын материалдары бар инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешім әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі анықталған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде ӘІБТ-ні пайдалана отырып, прокурорға жіберіледі.

57. Прокурор инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешім келіп түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны келіседі не келісуден бас тартады.

Қосымша материалдарды талап ету және зерделеу, уәкілетті лауазымды адамның не инвестордың түсініктемелерін алу қажет болған жағдайда прокурор инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келіседі не ол келіп түскен сәттен бастап он жұмыс күні ішінде оны келісуден бас тартады.

58. Қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу түріндегі қамтамасыз ету шаралары қабылданған жағдайларда инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуді не келісуден бас тартуды прокурор олар келіп түскен кезден бастап қырық сегіз сағат ішінде жүзеге асырады.

Егер уәкілетті лауазымды адам эпидемияның, карантиндік объектілер және аса қауіпті зиянды организмдер ошақтарының, инфекциялық, паразиттік аурулардың, уланулардың, радиациялық авариялардың таралу қаупі төнген жағдайда, қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру не тыйым салу түрінде қамтамасыз ету шараларын қабылдаған болса, инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу не келісуден бас тарту олар келіп түскен сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде жүзеге асырылады.

Жұмыс уақытынан тыс, демалыс және мереке күндері осы тармақта көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімдерді қабылдауды прокуратураның жедел кезекшісі жүзеге асырады.

Прокуратураның жедел кезекшісі осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу не келісуден бас тарту жүктелген прокурорды дереу хабардар етеді.

59. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты жұмыс уақытынан тыс , демалыс және мереке күндері әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешім келіп түскен кезде оларды қабылдау және тіркеу осы Қағидалардың 58-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

60. Мемлекеттік органның уәкілетті лауазымды адамына инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу не келісуден бас тарту нәтижелері бойынша бар болған жағдайда бас тарту себептері көрсетілген прокурордың жауабы электрондық нысанда жіберіледі.

61. Мемлекеттік органның уәкілетті лауазымды адамында электрондық құжат айналымы жүйесіне қолжетімділік болмаған жағдайда инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді прокурордың келісуі не келісуден бас тартуы қағаз жеткізгіште ұсынылады.

62. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу не келісуден бас тарту кезінде прокурор мынадай:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудың заңдылығы мен негізділігі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын не ӘҚБтК-нің 741 және 742-баптарына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлардың болуы;

2) әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың нақты мән-жайлары, оның ішінде құқық бұзушының жеке басы, сондай-ақ қол сұғушылық объектісі, ал зиян болған кезде – оның мөлшері;

3) инвестор үшін инвестициялық жобаны одан әрі іске асыруға теріс әсер ететін не мемлекетке залал келтіруі мүмкін ықтимал салдарлардың болуы;

4) инвестордың қызметінен адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіру қаупінің болуы;

5) инвестор жасаған құқық бұзушылық және салынатын әкімшілік жаза салдарлары ауырлығының сәйкес келмеуі туралы мән-жайларды ескереді.

63. Прокурордың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуы осы Қағидалардың 62-тармағында аталған мән-жайлар ескеріле отырып, мынадай:

1) ӘҚБтК-нің 741-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын оқиғаның, әкімшілік құқық бұзушылық құрамының және өзге де мән-жайлардың болмауы;

2) адам өміріне, денсаулығына зиян келтіру қаупі болмаған жағдайда инвестор жасаған құқық бұзушылықтың және тағайындалатын әкімшілік жаза салдарлары ауырлығының сәйкес келмеуі;

3) инвестор үшін инвестициялық жобаны одан әрі іске асыруға теріс әсер ететін не инвестордың қызметін тоқтату қаупі бар ықтимал салдарлардың болуы;

4) ӘҚБтК-нің 802-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін себептер мен негіздердің болмауы;

5) ӘҚБтК-нің 742-бабында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлардың болу негіздері бойынша шығарылады.

64. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісудің не келісуден бас тартудың электрондық нысанында электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған мынадай :

1) прокуратура органының атауы, күні, прокурордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді шығаруға бастамашы болған мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, олардың лауазымды адамдарының және оларға теңестірілген адамдардың атауы;

3) инвестордың атауы;

4) өтінімнің мәртебесі "келісілді" не "келісуден бас тартылды";

5) осы Қағидалардың 63-тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартудың негізі туралы деректер көрсетіледі;

65. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді прокурор келіскен жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға уәкілетті адам осы туралы прокурордың жауабы келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде инвесторға хабарлайды.

66. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуді не келісуден бас тартуды аумақтық қағидат бойынша прокурор жүзеге асырады.

67. Облыстық және аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік органдардың уәкілетті лауазымды адамдарының шешімдері аумақтылығы бойынша әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратуралардың (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың), аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралардың тиісті органдарына жіберіледі.

Мұндай шешімдерді келісуді немесе келісуден бас тартуды кәсіпкерлік және инвестицияларды қолдау саласындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура органдарының қызметкерлері жүзеге асырады.

68. Орталық мемлекеттік органдардың уәкілетті лауазымды адамдарының шешімдері Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына келісуге жіберіледі.

Мұндай шешімдерді келісуді не келісуден бас тартуды Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының кәсіпкерлік және инвестицияларды қолдау саласындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшесі жүзеге асырады.

69. Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуға шағым жасау "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 25-бабында және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

70. Жоғары тұрған прокурор мұндай шағымды прокуратура органдарына келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

71. Шағымды қарау нәтижелері инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты прокурордың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа шағымдану үшін негіз болып табылады.

72. Жоғары тұрған прокурор не сот шағым бойынша шешім қабылдағанға дейін инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешім прокурормен келісілмеген деп танылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК